*Мақсатым – тіл ұстартып,*
*өнер шашпақ...*
АБАЙ.

ISSN 2410-6712

**«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ай сайын шығатын Республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналы**

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

**9/2018 ҚЫРКҮЙЕК**

**АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,*
*Жанғара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,*
*Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп,*
*Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,*
*Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

## МАЗМҰНЫ

***Поэзиялық туындылар туралы ойлар***

**М.ӘБІЛҰЛЫ.** Ақиқаттың ұраны....3
Бұл өмірге бақыт іздеп келгенбіз....13
Бозінген ақынның боздаған өлең-жырлары....21
Көшіп жүрген әр адам – бір-бір өлең....30

***Абайтану***

**Л.МАЛИК.** Абай қара сөздерінің тәрбиелік мәні....41
**Ш.ӘБЛЕМОВА.** ОЖСБ-ға дайындауға арналған грамматикалық сұрақтар....51

***Семинар сабақ***

**Г. ШАХАМАНОВА.** Шәкәрім шығармаларының Абай шығармаларымен үндестігі....47

***Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс***

**Р.СЕЙТМАҒАНБЕТОВА.** М.Мақатаев "Елім барда", "Анау – аспан, мынау – бақ" өлеңдері....54
**А.ТӨЛЕГЕНОВА.** Ы.Алтынсариннің шығармашылығы....59
**С.НҰҒМАНОВА.** А.Құнанбаев Ғылым таппай мақтанба....62
**К.ТЛЕГЕНОВА.** І.Жансүгіров "Күй" поэмасы....74
**А.ЖҰМАБАЕВА.** М.Қабанбай "Бауыр" әңгімесі....78

***Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс***

**Ә.ПІРІМОВА.** Табиғаттың құпия сырлары *(Сапалық және қатыстық сын есімдер)*....83
**Н. МҰҚАНҒАЛИЕВ.** Гендік өзгеріске ұшыраған тағамдар....93
**А.МАЙТАНОВА.** Тілдік қарым-қатынастар талаптары....100
**Э. ҚАЛБЕРГЕНОВА.** Көлік және жол белгілері....105

***Дөңгелек үстел***

**П.НҰРАХУНОВА.** Сөз байлығы....114

***Білім бастауы – Бастауыш***

**А.ЖАРКИМБАЕВА.** Менің отбасым....120

***Кітапхана тынысы***

**А.МҰҚАШЕВА.** Абай мұрасы – халық ұлағаты....126
**А.ЕРМЕКБАЕВА.** Қос алыптан қалған із....130
**Л.КӘРІБАЙҚЫЗЫ.** Өмірді де, өленде де өзгелерден бітімі-болмысы бөлек ақын....134
**Г.ЕСКЕНДІРҚЫЗЫ.** Домбыра – асыл мұра....137
**А.ҚАЙНАҚАЕВА.** Жирен жаман әдеттен!....139
**А.ЗЕЙНЕКЕН.** Спорт – біздің серігіміз!....142

***Поэзиялық туындылар туралы ойлар***

**М.ӘБІЛҰЛЫ,**
**филология ғылымдарының кандидаты, профессор,**
**Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің доценті,**
**Қазақстан журналистер одағының мүшесі.**
Тараз қаласы

# АҚИҚАТТЫҢ ҰРАНЫ

*(Ақын-журналист Ахмет Жұмағалиұлының «Ақиқаттың рухы» атты өлеңдер жинағы туралы)*



Ақиқаттың жауы көп. Ақиқаттың бүркемеленуі, қарсылықтарға ұшырауы, тосқауылдардың көп болуы – соның дәлелі. Сол қарсылықтар мен тосқауылдарға қарсы шығып, шыбын жанын шүберекке түйіп, әділетсіздіктерге жаны күйіп, сөз өнерін қару ғып, зұлымдықтар мен залымдықтарға күйрете соққы беретін, *«сыздаған жараның ауызында жүретін»* (Т. Айбергенов) ақындар болады. Солардың бірі – жас ақын Ахмет Жұмағалиұлы.

Ақынның ***«Шындық сені...»*** – деп аталатын өлеңінде:

*Көкірегімде тербелсін деп Ар-Тұнық,*
*Намысымды жүрегіме Дар қылып,*
*Жанды түйіп шүберекке*
*Талай Мен, Шындық,*
*Сені іздеп едім шарқ ұрып!*

– деп жырлайды. Иә, мынау қызығы мен шұжығы **көп заманда,** әділетсіздік пен әділдік **шайқасқан заманда,** бүтіндер мен жартылардың тағдыр жарысына **түскен заманда,** тазылар мен төбеттердің **жарысқан заманында,** әділетсіздік жеңіп, әділдік жолдан тайып **құлаған заманда** ақынның Шындықты іздеуі – табиғи құбылыс! Адам бойындағы адамилық қасиеттердің салтанат құруы сол ақын іздеген Шындыққа байланысты. Шындық деген Данаға байланысты. Шындық жоқ жерде асыл қасиеттер абақтыға қамалып, жапа шегетіні түсінікті. Даналар сол Шындықпен қоян-қолтық арласып жүріп Дана болған. Ақынның Ары, ақынның адалдығы, ақынның имандылығы әрқашан Шындықпен серік болатыны тағы бар. Шындықты «Шыбын жанды шүберекке түйіп жүріп шарқ ұрып іздеген...» ақынның жан дауысында бір тереңдік сезіледі-ау...Шыбын жаны күйген ақын сонда қандай қоғамда өмір сүріп жатыр? Ақын ой мұхитына тереңдей түсіп, осы сұраққа жауап



іздейді:

*Ал, Сен болсаң –*
*Гүл екенсің шеттеген,*
*Күштілердің бақшасында көктеген.*
*Сондықтанда*
*Сылаңдаған сайқалдай-*
*Дәл бүгінгі қалпыңды*
*Мен жек көрем!*

Ал, ендеше! Ақын іздеген Шындық қайда? Шындығымыз жезөкше болып кеткен бе? Мына заман, Батыстың техногендік өркениеті санамызды жаулап алған заман сылаң қаққан бойжеткен Шындығымызды жезөкшеге айналдырған! Бұл заман – Шындық ақшаға сатылған заман! Ал Ахмет ақшаға сатылған Шындықты шыбын жанын шүберекке түйіп іздеп жүр! Ол былай деп толғанады:

*Шеңгел болсаң, жемісі жоқ жеуге де,*
*Жарай ма олар сені «қайда» деуге де?*
*Біз емес пе ек құшаққа алып өзіңді,*
*Тікеніңді кірш еткізген кеудеге?*

*Шынымды айтсам, назым да жоқ,*
*өкпем де,*
*Саған қояр бір сұрақ бар тек Менде:*

*Кімге қарап жаутаңдайсың,*
*Күштілер*
*Бір күн сені керек қылмай кеткенде?*

Адамды сағындырған Шындықтың халі осындай! Ахмет ақын Шындықты іздеу арқылы өмірдің сан қилы қалтарыстары мен түйткілдеріне дендейді. Күштілердің шырмауығына шырмалған Шындықтан бойын аулақ салуға тырысады. Бірақ, табиғи заңдылық ақынды Шындықтан бойын аулақ салып кетуге жібермейді: *«Шынымды айтсам, назым да жоқ, өкпем де...»*. Мұнда Шындықтың түбінде жеңетініне сенім де жоқ емес...

*«Түбінде шындық жеңеді»* – дейміз. Осыған күмәнім бар. Шындықты жеңдіру үшін шындық үшін айқасуымыз керек екен ғой. Ақын Ахмет айтқан күштілермен шайқасу қажет екен. Ал шайқасқа шығу үшін де рухани жақтан күшті болуың қажет. Рухани жақтан санаң мықты болмаса, рухы жоқ күштілермен қалай шайқаса аласың. Сөйтіп, Шындықты жын-жыпырлардың ішінен арашалап алуың қажет екен. «Түбінде шындық жеңеді» деген осы екен.

Кіші Жүз, Әлім тайпасынан шыққан Шекті Көтібар Бәсенұлы – халық батыры. Орыс отаршылдығына қарсы күресіп, елінің азаттығы



үшін жанын пида еткен Көтібар Бәсенұлын неге Шындық шетке лақтырды? Қазақ халқының ауыз әдебиетінің інжу-маржандарының бірі – «Айман-Шолпан» жырында осы Көтібар батыр туралы ақиқаттыққа сай келмейтін, өз халқын жанып сүйген батыр жайлы зымияндыққа толы жалғандық сипатталады. Яғни Көтібар батыр жағымсыз кейіпкер ретінде бейнеленеді.

Қазақтың ұлы жазушысы М.Әуезов «Айман-Шолпан» жырының сюжетін ыңғайға ала отырып, комедия жазды емес пе?! Сол комедияда халық батыры, халқын жанып сүйген Көтібар батыр ұнамсыз кейіпкер етіп көрсетіледі.

Ақын Ахмет және аласұрып Шындықты іздейді. ***«Көтібарды ояту»*** атты өлеңінде:

*Көкірекке бір запыран ұялап,*
*Сезімдерім таппай қойды тиянақ.*
*Қаншама жыл жанымды жеп келеді,*
*Босағада байсыз туған Қиянат!..*

Қиянат неге қиянатшыл болды екен? Шындықтың бақталасы ма? Сол Қиянаттың қиянатын әлемге танытқан ақын жүрегі бәлкім

күштілермен алысып, Шындыққа қол ұшын берген болар? Демек, батпаққа батқан Шындықты тартып алатын адам екен-ау, жарықтық...Адам болмаса Шындық батпақтың түбіне кетер ме еді?

*Сөзін айтты демеңіздер*
*күпірдің,*
*Тіл сыйлаған Жаратқанға*
*шүкірмін!*
*Мен –*
*Тек ғана жалғаншыға*
*жағынған*
*Шайырлардың шатпағына*
*түкірдім!*

– дейді ақын, тағы да жанын шүберекке түйіп.

*Қалдырсаң да дауыл-даудың*
*өтіне,*
*Тура айтамын Һәм қоймаймын*
*өкіне:*
*«Айман-Шолпан»-*
*Жұрт тамсантқан жыр емес,*
*Жаққан күйе ол –*
*батырлықтың бетіне!..*

Ақын осылай жырлайды. Елін сыртқы жаулардан, отаршыл жаулардан қорғап өткен, қасық қаны қалғанша отаршылдардың оғына кеудесін тұтқан халық батырын соншама әжуалаған



жырдың кейінгі ұрпаққа берер тәлім-тәрбиесі болар ма екен?! Біз өз алыбымызды, өз батырымызды осылай әжуәлап келеміз. Сонда деймін-ау, кейінгі ұрпақтарымыз бізге не айтар екен?!

*Қаперге алмай асыл сөзді*
*аталы,*
*Кеуде керіп, Елміз!-дейсің*
*баталы.*
*-Ей, ағайын,*
*Қашан биік болып ед,*
*Батырлардан қатындардың*
*атағы?!*

*Арға шабу – әділдікке жатпаса,*
*Батыр біткен беруші ме ед от*
*баса?*
*Тумай туа шөгер еді Көтібар,*
*Басынғанды тура бастан*
*шаппаса!*

Қазақтың ұлттық идеологиясына сына қағу о бастан бар екен ғой деп ойлап қаласың. Оған баса назар аудармай, жік-жікке бөлінген өзіміз ғой. Николай патша тақтан түскенде сөз бостандығы, пікір еркіндігі болып, зиялы қауым: *«Енді бірігейік, осындай жылымықты пайдаланайық, өз*

*алдымызға отау тігіп, шаңырақ болайық, Ресейдің құрамында тұрғанымызбен, өз алдымызға автономия болайық...»* – деп, шылбырын қолға ұстаған қазақ зиялыларының бастарының бірікпеуі де осы ұлттық идологияның босаңдығынан екенін біреу білсе, біреу біле бермейді. Оның себебін айта берсек мыңдаған парақ қағаз кетер еді. Қазақтың зиялы азаматтары бір-бірімен жау болғаны жасырын емес. Қазақ бірін-бірі ұстап беріп, бір-біріне қастандық жасады. Ұлттық идеологиямыздың бекемденуіне мүмкіндік болмай қалды. Әйтпесе, Көтібар батырдың ерлік істерін өскелең ұрпаққа неге жеткізбейміз? Бекежанның жауыз бейнесі неге алынып тасталмайды тарихтан? Ақиқатында Бекежан жауыз ба?

Бекежан Айбекұлы – тарихи тұлға. Ол 1667-жылы туылып, 1730-жылы қайтыс болған. Елі үшін, жері үшін күрескен батыр. Төлегенді өлтірген Бекежан емес. Төлегенді өлтірген қарақшы – Кескентерек. Кескентеректің Төлегенді өлтіргені туралы белгілі фольклоршы Сейтқали Қарамендин 1991-жылы республикалық «Қазақ әдебиеті» газетіне «Бекежан да – бір арыс» атты танымдық мақала жазды. Осы «Қыз Жібек» дастаны туралы, «Қыз Жібек» фильмі туралы осы Ахмет ақын былай деп жазады: *«...тарихи деректер бойынша, Бекежан мен Жібек бесінші аталары туысқан боп келетін қандас ағайындылар. Қазақ салтында 7 атаға дейін қыз алыспайтын дәстүр барын ескерсек, бұлар бір-біріне ағалы-қарындасты саналатын, яғни, неке түспейтін адамдар болып саналады. Сондықтан, «Қыз Жібек» жырындағы Бекежан бейнесі – тарихи ақиқатты білімсіздікпен мансұқтау ғана емес, ұлтымыздың моральдық заңына қайшы, әрі ар-намысқа тиетін зымияндық деп саналуы тиіс...»*-деп жазды (Ахмет Өмірзақов, Алматы, «Қазығұрт» баспасы, 2014-жыл, 26-бет).

Біздің қазақ тіл-көзден сақтану мақсатында ұл-қыздарының есімдерін Биткөз, Итбай, Ожаубай, Шөмішбай, Қазанбай, Шымшықбай, Қарғабай, Қисық, Қашқынбай, Қуғынбай, Күшікбай, Мысықбай, Көтібар, Тұяқбай, Түйебай, Қасқырбай, Майкөт, Аюбай т.т. қоя берген. Осы есімді арқалаған кей азаматтар өскен соң өз елін жаудан қорғайтын батыр болып шыға келеді. Меніңше тарихтағы Көтібар батырды есіміне қарап жағымсыз кейіпкер ету – надандықтың, топастықтың белгісі.

*Аялауға Ақиқаттың Ақ Таңы*
*Асыққанда-*
*Арыңды емдер тап дәрі!*
*Тасырлыққа төр бергеннен*
*емес пе,*

*Жігерліңнің жолы болмай*
*жатқаны?!*

*...Аңыз қылған Аспан-Жердің*
*арасын,*
*Атыңмен де, Затыңмен де*
*дарасың!*
*Көті жоқтар от басында*
*омалса,*
*КӨТІБАР! – боп көз жетпеске*
*барасың!*
*Асып туған, асыл затты – Өр,*
*Текті,*
*Бабаң сенің – еңкеймеген Ер*
*Шекті!*
*Тұр қанеки, тұлпарыңа қайта*
*мін,*
*Жыртып-жыртып жұрт*
*тоқыған «ертекті»!!!*

Иә, ақын ақиқаттың рухына табынады. Көтібар батырдың зымияндықтың құрбаны болып бара жатқанына жаны ашиды.

Ең бастысы, мұның ұлттық идеологиямызға әсер етер жағымсыз тәрбиесіне алаңдайды. Әдебиет пен өнердегі мұндай келеңсіздіктер түптің түбінде ұлттық идеологиямызды жарға жығары да анық.



# «БҰЛ ӨМІРГЕ БАҚЫТ ІЗДЕП КЕЛГЕНБІЗ...»

*(Ақын Мырзабек Көпжүрсіннің поэзиялық туындылары туралы)*



Ақынның ***«Әр күн – өмір»*** атты өлеңінде терең философиялық толғаныстар жатыр. Өмір мыңдаған, миллиондаған күндерден тұратын болса, сол күндердің бір күні – адам өмірінің ғажайып бөлшегі екен. Ендеше, адам өзінің бір күніне аса мұқиятпен қарауы қажет. Себебі, өтіп бара жатқан бір күнің – сенің дүниедегі ең асыл уақыт бөлшектеріңнің бірі. Сондықтан ақын:

*Бүтін бір күн берекесін білгендер,*
*Жаратқанның ұғар еді-ау бағасын...* – дейді.

Сол... Біз бір күннің берекесін, қуанышы мен қайғысын байқай бермейміз. Ертеңгі бір күн қандай қуаныш алып келеді? Қандай қайғы алып келеді? Ақын уақытқа аса мұқиятпен қарап, уақытты пайдалана білу қажеттігін, уақыттың адам өміріндегі бағасына назар аударады. ***Бір күнің сені тәрбиелейді, бір күнің сені ойландырады, ойланбай істеген ісіңе өкіндіреді, бала-шағаңа, еліңе, туған-туысқандарыңа нендей қуаныш, жақсылық сыйлайсың, соны есіңе салып, ар-***

***ұждан алдында алқымынан алады.*** Сол... Бір күнінде орын алған жетістігің енді қайталанбайды, сол бір күнде жасаған қателігің енді жүрегінде мұң боп қатып қалады, онан арылу өте қиын. Сол үшін ақын: *«Бір күн бүтін оралмайтын сәттерің...»* – дейді. Сонан соң былай жалғастырады:

*Ақ-қараны ажыратпай өткізсең,*
*Ысырып ол, жазылмаған дәптерің....*

Сол күні сен ақ-қараны ажыратып, өмірдің тылсым сырларына үңіле білуің қажет екен. Себебі:

*Бір күн бүтін баға жетпес байлығың...,*
*Бір күн бүтін тәтті үміттер, тарихың...,*
*Сәтсіздік те қайғы емес, қамықпа!*
*Сабақ болар бойыңызға даритын...,*
*Қиялында қиянат жоқ жандардың,*
*Ырысы мол, талғамы зор қолы ашық...,*
***( «Бұл өмірге бақыт іздеп келгенбіз...»).***

Ақын адам өмірінің бір күніне тоқтам жасап, өзінше ой өрнектерімен санаңа серпіліс жасайды. Бір күн... ***Кейде адам тағырын бір күнде болған сәттілік пен сәтсіздік шешіп кетеді.***

Фариза ақын жазып еді ғой, адамның бақытты болу үшін дүниеге келгенін:

*Теңсіздігі дүниенің тез есейтіп,*
*Қайратыммен серпідім мұң тұманын.*
*Лақтырған жоқ бақытты тағдыр маған*



*Тіршіліктпен тартысып, жұлқып алдым...*

Иә, адам өмірден бақыт қана іздейді. Қазақ түркісінен шыққан атақты ғалым Отырарлық Әбу Насыр (Әл-Фараби): *«Бақыт – әрбір адам ұмтылатын мақсат»* – деп жазды.

Ақын – бүкіл адамзат ақыл-ойының сарапшысы. Адамзаттың қайғысы үшін жаны ауыратын асыл жан. Адамзат мінген алып кемені дұрыс бағытқа сілтеп отыратын – ақын. Ақынның жан-дүниесі – адамгершілік қасиеттермен суарылған поэзия. Сол поэзия бүкіл жер жүзін бейбітшілік идеяларымен сусындатып отырады. Әйтпесе жер жүзін топан-су қаптайды. Мұны былайғы жұрт біле бермейді.

Ақын Мырзабектің поэзиясындағы ойлар үндестігі ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан қазақ өлеңінің ғұмыршаңдығын дәлелдеп тұр. Сонау XI-ғасырда өмір сүрген Отырарлық Әбу-Нәсір (Әбу-Нәсір әл-Фараби) ***«Бауырым, қанша сүйгенмен...»*** *атты өлеңінде адам өмірінің мәңгілік емес екендігін, опасыз жалған дүниеде адам баласының уақыт өткен соң о дүниелік болып кететінін, адамдардың уақытты – әр күнін зая өткізіп жіберетінін атап өтеді:*

*...Жататын дәйім жаңғырып,*
*Бұл ғұмыр емес мәңгілік.*

*Бейопа мына заманда,*
*Бақұл боп кетер адам да.*
*Жұрт кілең күнін көп қызық,*
*Жіберер зая өткізіп...*(«Қазақ әдебиеті», жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық, құрастырғандар: Қ. Әбдезұлы, Г.Д. Рыскелдиева, С.Ч.Тұрсынғалиева, Астана, «Арман ПВ» баспасы, 2013-жыл, 48-бет).

Түркіменнің атақты ақыны Мақтымқұлы Фраги ***«Түркімен тағдыры»*** атты өлеңінде:

*Жастық шақтың өтер күні – бір-ақ күн,*
*Кәріліктің жетер күні – бір-ақ күн...*

– деп, бір күннің қуанышы мен қайғысын еске салады («Қазақ әдебиеті», жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқу құралы, өңделіп, толықтырылған екінші басылымы, құрастырғандар: Ұ. Асыл, Т. Жұмажанова, Ғ. Бейсенбаев, Алматы, Мектеп баспасы, 2009-жыл, 396-бет).

Мырзабек ақынның ***«Көңіл деген»*** атты өлеңі осы ***«Әр күн – өмір»*** атты өлеңмен сабақтасып тұр:

*Уақыт деген ойын емес ойлыға,*
*Жағалауға жеткізетін қайығың....*

Уақытты бағалай білу керек! Әр күнің – уақытың! Уақытты босқа өткізуге болмайды, қоғамға, халқыңа, ұл-қызыңа, ағайын-бауырға жақсылық



істе, жамандық істен аулақ бол! Сен істеген үлгілі істен өзгелер үлгі алсын, сен жүрген жолмен жүруге талпыныс жасасын, сенің оң істерің бүкіл халыққа ырысық-несібе алып келсін. Адамның жаны сонысымен нұрланады. Ақын еркіндікке, бостандыққа ұмтылады:

*Жүйрік ойдың тізгін жібін босатқын...,*
*Ер тоқымсыз еркіндікті сезінсін.*
*Бостандығын байқап қара бос аттың....*

Мырзабек ақынның ***«Жарты күнде жарық бар»*** атты өлеңі де уақыт шіркіннің қолдағы сынап екенін, сол жарты күн – уақыттың сынаптай сырғып кететінін, жалғаншы дүниенің алдамшы сәтін сырғытып өтеді. Адамның бір күні жарты күнмен байланысты екені рас. Ақын мына сөзді тегін айтып тұрған жоқ:

*Жақсылыққа жарты сағат ерте бар,*
*Жақсы ойды сәйгүліктеп ерттеп ал.*
*Жарты күнде жарым ырыс жұғады,*
*Жақсы жанмен сырлассаңыз ерке бал.*

Әрине, жақсы ой жақсымен сырласқанда шығады. Жақсы адаммен бір сәт сырлас болу – өмірге деген құштарлығыңды арттырады. Жақсы адамның әңгімесі жақсылыққа жетелейді. Жақсы адамның көңіл нұрынан нәр аласың. Сондықтан да Мырзабек ақын былай жырлайды:

*Жарты күнді жоғалтпағын тым*
*босқа,*
*Теңіз түбі, жердің беті, шың басқа.*
*Ең болмаса, жылы лебіз жөніңді айт,*
*Адалдығы аңқып тұрған шын досқа.*
*Жарты күнді жоғалтпағын тым*
*босқа...*

– дейді ақын. Жарты күн – бір күннің жартысы, жарты күн – бір күнмен байланысады. Бір күн – екі күнмен... Солай кете береді, ал мұның бәрі – уақыт. Жарты күн – жарты сағатпен, жарты сағат минутпен, сонан соң секундпен байланысады.

*Жарты күнде жақсы істі кәсіп ет,*
*Жалқаулықты жолдас етпе, қасірет.*
*Жарты сағат тамшы аққан су қанша,*
*Жарты күннің игілігін нәсіп ет...*

Мырзабек ақын айналып келгенде: *«Уақыттың қадіріне жете біл, уақыт – сенің арман-мақсатыңа үстемдік етеді. Уақыт алдында құлсың, уақытқа құлдық ет те, өз мақсатыңа жетуге асық, бірақ құдіреті күшті Алланың осы уақытты адам пендесіне сынақ үшін жібергенін ұмытпа...»* - деген салиқалы пікір өрбітеді.

*Тағы міне жарты уақыт өтер күн,*
*Көңіл күйдің туын биік көтергін.*
*Жақсы ойлап, жақсы сөз айт,*



*тарықпай,*
*Пысықтығын қайтесің сен*
*бөтеннің...*

– деп жырлайды Мырзабек ақын.

Уақыт пен жалғаншы дүниені қатар қойып жырлаған ақынның айтар ойы ***«Уақыт – қатал, күлкі – жалған»*** деп аталатын өлеңінде тереңірек беріледі. Ақын айтып отырған «бір күн», «жарты күн», «жарты сағат», «жарты минут», бәрі де Уақытқа тәуелді! Демек, адам өмірін Уақыт билейді!

Ақын былай дейді:

*Сағат тілі тәуелді етті сананы,*
*Мүмкін өмір сонысымен шырақты....*

Әрине, шырақты өмір, бақытты өмір, қайғылы сәт пен бақытсыздық сәттермен қатар жүріп отырады, яғни шырақты мен шырақсыз, бақыт пен бақытсыздық қатар келе жатады, бір-бірімен шайқасып келе жатады. Шайқассыз шырақты өмір жоқ, тағдырмен тайталасып күреспесең, бақытқа жету қиын...

*«Оқиғамен уақыт толқып тасыған*
*Біреу күліп, біреу жылап жасыған...»* – дейді ақын. Бұл – жалғаншы дүниенің адамзатқа жазып берген заңы. Замана керуені алға жылжиды,

керуен жамандықты да, жақсылықты да көреді. Ең бастысы – діттеген жерге жету. Адам да сол. Арман-мақсатына жету үшін өз керуенін алға тартады:

*Замананың уақыты бұл асыққан,*
*Тіршілікте қымбат тірі қасық қан....*

Мырзабек ақын жалғаншы дүниені жасайтын адамзаттың өзі екенін атап көрсетеді. Бірін-бірі алдайды, біріне-бірі қастандық жасайды, бір-біріне өтірік көлгірсиді, бірінің жақсысын бірі көре алмайды:

*Уақыт, жарық, ой да жүйрік білеміз,*
*Неге жиі өп-өтірік күлеміз?*
*Жақындармыз, жарқын жанбыз, бір елміз,*
*Шынайы емес жалған өмір сүреміз.*

Ақын Мырзабек Көпжүрсіннің поэзиялық туындыларының уақыт үндестігіне сай келуі адам өмірімен тығыз байланысты. Адам өмірінің уақытқа тәуелді екені белгілі. Сондықтан ақынның поэзиялық туындыларының өмірмен, адам өмірімен сабақтас, үндес болуы табиғи нәрсе. Тек оны көркем тілмен жүрекке жеткізе білуде. Мырзабек ақын осы дәстүрді орындап, терең оймен өмірлік толғаныстарды үндестіре білген.



# БОЗІНГЕН АҚЫННЫҢ БОЗДАҒАН ӨЛЕҢ-ЖЫРЛАРЫ

*(Ақын Мақсат Әлсейітовтің поэзиялық туындылары туралы)*



Сонымен, ақын Мақсат Әлсейтовтің ***"Жетімсайдың бойында – жетім ауыл"*** атты өлеңдер жинағы *"Жетімсай дәптерінен", "Қызылқұм дәптерінен", "Ноғайлы дәптерінен", "Көңіл дәптерінен", "Өмір дәптерінен", "Жастық дәптерінен" деген бөлімдерден, "Жанқожа батыр" дастаны мен "Үшбұрышты пирамида – мәңгілік ел" атты поэма*дан тұрады.

Бозінген ақын Мақсат ертеректе ***"Қара парта"*** атты өлеңімен бүкіл жырсүйер қауымға танымал болған-ды. Көңілін өлең-жырмен серпілтіп, шаршап-шалдыққан көңілін ләззат бағыштайтын қасиетті өлеңмен сусындаған оқырман қауым жастық шағын еске алып, бір мұңайып, бір қуанып қалған сол кезде.

Мұңайғаны – енді қайталанбас алғашқы махаббаттың куәсі болған, білім деп сусындаған алып ұшқан асау жүрек, алғашқы ұстаздары еске түсіп, өткен күндерді сағына еске алған-ды.

Сонымен бірге қара партаның орнын басып жатқан жаңадан соғылған, ерекшелеу көрінетін, ерекшелеу көрінгенімен, көңілге бір түрлі қаяу түсіретін жаңа партаның көрінісін қоғаммен ұштастырып, болашақ ұрпақтардың тағдырына да алаңдайды.

Қуанғаны – қазақ поэзиясында бұрын - соңды жазылмаған **"Қара парта"** атты классикалық өлең дүниеге келді:

*Қара парта,*
*Қара парта,*
*Ғажайып,*
*Бүгін сені еске алмаудың өзі айып.*
*Қара парта – қайыспайтын қара нар,*
*Қалыпсың ғой сен де бүгін азайып.*

*Қара парта – қайыспайтын қара нар,*
*Қайсарлығың хас болатпен пара-пар.*
*Тәлімді еді,*
*Жалынды еді,*
*Отты еді,*
*Сенде отырып хат таныған балалар!*

Ақын қара партадан әлемді таңдандырған, әлемді жандандырған, ерекше бір данышпандық, ойшылдық, имандылық пен ізгіліктер толқынын сезеді. Қара партаны киелі мүлікке теңейді.



*Қара парта – қарапайым ұлылық,*
*Қызуыңа өсіп едім жылынып.*
*Бүгінгінің парталары қаусап тұр,*
*Төрт бұрышы төрт шегеге ілініп.*

Ескі мен жаңаны салыстырады, ескіден қалған мүліктің асыл қасиетіне мойынсұнады, оған сыйынады: ***"Қара парта – қарапайым ұлылық..."*** Бүгінгінің парталарына күдікпен қарайды, оған отырып, білімнің тереңіне үңілген жеткіншектердің болашағынан күмәнданады: ***"Бүгінгінің парталары қаусап тұр...".***

Ақын жаңашылдыққа, жаңа өмірге қарсылық білдірмейді. Жаңа партаны жамандыққа баламайды. Сол жаңа партаның жеткіншектер сүйіне қарайтын қасиетті мүлік болып жасалмағанына күйінеді: ***"Төрт бұрышы төрт шегеге ілініп..."***

*Қара парта – шын шабыттың*
*ұлысың,*
*Шабытсыздың соққан мүлкі құрысын.*
*Хас батырдың ескерткіші тәрізді,*
*Сол баяғы...Сол баяғы тұрысың.*

Сол қара партада ертеден келе жатқан адам пендесін ойландыратын, толғандыратын бір терең сыр бар сияқты. Сол қара партадан зор шабыт

толқыны жағаға жетуге асығып келе жатқан сияқты. Өлеңді оқығанда, сол қара партада ағаларымыз бен әкелерімiздiң, апаларымыз бен аналарымыздың саусақ іздері таңба болып қалғандай әсерге бөленесің. Ақын қара партаны жырлау арқылы үлкен бір мәселені қозғап отыр:

*Шабытсыздың соққан мүлкі жау*
*саған,*
*Кімге барып, қайда барып дау соғам?*
*Сені шетке шығарыпты,*
*О, тоба!*
*Мына тұрған партасымақ қаусаған!*

*Сен – тұлпарсың,*
*Мына парта жабыдай,*
*Кешір, тұлпар, кеттік сені танымай.*
*Жабы мінген жеткіншегім күні*
*ертең,*
*Ұсақталып кетпес пе екен тарыдай...*

Ақын: *"Шабытсыздың соққан мүлкі жау саған..."* – дейді. Көңілі мен жүрегі "халқым..." – деп соқпаған шабытсыздың соққан мүлкі кімге қуаныш сыйлайды? Кімнің арман-мүддесіне тілектес болады?

*Сені шетке шығарыпты, о, тоба!*



*Мына тұрған партасымақ қаусаған... –* дейді ақын. Сонымен бірге, алаңдаушылығы да басым:

*Жабы мінген жеткіншегім күні ертең,*
*Ұсақталып кетпес пе екен тарыдай....*

***"Бесқала" өлеңі*** былай басталады:

*Жылқы-жаным күрсініп,*
*Сағынғанда үйірін;*
*Тамды саған шоқ болып,*
*Ішімдегі күйігім.*

*Қып-қызыл шоқ маздаған,*
*Тамды кіндік қанымнан.*
*Келесін аңсап боздаған,*
*Қызылқұмның сары інген.*

*Күлгін тартпа қызыл шоқ,*
*Күлге айналма қызыл шоқ.*
*Сексеуіл бар да сен барсың,*
*Сенсіз менің күнім жоқ!*

Бұл – ақынның туған жерге деген ынтызарлығы. Туған жердің сексеуілі, жалпақ далада күн нұрын сүйіп жатқан Қызылқұмның алаңсыз жатысы ақынның мұңға батқан көңілін шымшылайды:

*Жылқы-жаным күрсініп...,*
*Тамды саған шоқ болып*
*Ішімдегі күйігім....*

Қызылқұмды сары інгенге теңеп:

*Сексеуіл бар да сен барсың,*
*Сенсіз менің күнім жоқ...*

– деп жырлайды.

*Қоламтаңды үрлейін,*
*Қызуыңды өшірмей.*
*Қызыл тілім тиылмас,*
*Қайран басым кесілмей!*
*"Үңілеген" Үстіртің,*
*Ақ Баянның Қозысы.*
*Қарабай мен Қодардың,*
*Өзіне дұрыс өз ісі.*
*Таз кепешің басында,*
*Батыр Қозы, мұңлығым.*
*Қарабай мен Қодарға,*
*Керек сенің құлдығың!*

Ақын Мақсаттың кең ауқымды поэзиясында Қызылқұм мен Үстірт егіз қозыдай жырланады. Бесқаланың алып боп көрінетіні де, ***"Бесқала"*** өлеңінің адам көңілін серпілтіп, жарық боп көрінетіні де осы. Сары інген – Қызылқұм, Ақ Баянның Қозысы – Үстірт өлеңде ғажайып



суреттермен көмкеріледі. Өлеңнің тағы бір ерекшелігі – соңғы шумағын оқыған бесқалалық жылау-жылау күй кешіп, туған жерін аңсап, іштей өксиді, өлең өкіндіріп, налытады:

*Үстірт, Қызыл есіл жер,*
*Быт-шыт бүгін төсіңде ел.*
*Қолдан бердім сендерді,*
*Мен пақырды кешіңдер!..*

Бозінген ақынның ***"Бозінген" атты*** өлеңінде ақынның айтар ойы, идеясы – ұшан-теңіз. "Бесқала" өлеңімен үндесетін боздаған боз өлеңі енді оқыған жанды туған жерін еске алдырып, әуре-сарсаңға салады. Туған жерді қимай, көшке ілесе алмай, кері қашқан Бозінгені есіне түседі. Жайымен түспейді, көңілді алай-түлей етеді, кейде күйзелтеді, кейде сілкінтеді, серпілтеді. Ноғайлы елінен бөлініп, ұрыстардан қалжыраған "мың өліп, мың тірілген" (Ж.Молдағалиев) қазақ деген ұлттың бейбіт өмірді аңсап, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған жерді бетке алып қоныс аударған тарихи дәуір еске түседі. Бозінген ақын Мақсат:

*Қолымнан шығып кетті боз інгенім,*
*Өрт шалып өзегімді жоқ іздедім...*

– деп боздайды. Кең байтақ жерді алып жатқан қайран ата-бабамнан қалған асыл жердің әдекімнің

қолында қалып бара жатқанын айтып, боздайды:

*Саудагер тақиялы туысымнан,*
*Тайынбай інген үшін суысудан.*
*Өркешін қос темірмен шойындапты,*
*Әй, шығара қоймас енді уысынан.*

Бозінген ақынның "Бозінген" өлеңі осыдан алты ғасыр бұрын кең даланы серпілтіп жіберген Қазтуған жыраудың "Алаң жұрт" өлеңімен үндесіп тұрғанын көзі қарақты оқырман сезіп отырады. Қазтуған:

*...Салп-салпыншақ анау үш өзен,*
*Салуалы менің ордам қонған жер.*
*Жабағылы жас тайлақ,*
*Жардай атан болған жер,*
*Жатып қалып бір тоқты*
*Жайылып мың қой болған жер...*
*...Қайран менің Еділім,*
*Мен салмадым, сен салдың,*
*Қайырлы болсын сіздерге*
*Менен қалған мынау Еділ жұрт!..* –

деп жырласа, бозінген ақын Мақсат:

*Төлеген жырға қосқан аруанадай,*
*Боздаумен шықса-дағы жолға талай.*
*Жеріне жете алмады жануарым,*
*Қалған ба құрсауланып, сонда қалай!?*



*Жасырып өркешіне боз отауды,*
*Болдырмай тастап еді-ау жазалауды.*
*Боздатып бозінгенін жұртқа тастап,*
*Барады қайтқан қаздай қазақ аулы.*

*Қимаған Бозмаясын Қазтуғанша,*
*Көшімді ірке-ірке создым қанша!?*
*Боздаған бозінгеннің зарлы үні,*
*Құлақтан кетпес, сірә, көз*
*жұмғанша...*

– деп боздайды.

Жырау әрі батыр Қазтуған Еділден көшкенде, Бозмаясы жерін қимай, кейінге қарай қаша берген екен. Сол кезде Бозмаяны қайтара алмай, батырдың көші біраз уақыт іркіліп қалады. Мақсаттың "көші" де біраз уақыт іркіліп, Бесқаланы қимай, тарихи Отанына кешірек келіп жеткені мұнан алты ғасыр бұрын өмір сүрген Қазтуғанмен үндесетіні тегін емес. Ендеше Қазтуғанның рухани үндестігімен үндескен бозінген ақын Мақсаттың рухани үндестігінен ағыл-тегіл өлең-жырларды күтейік!

# «КӨШІП ЖҮРГЕН ӘР АДАМ – БІР-БІР ӨЛЕҢ...»

*(Ақын Сәнтөре Пірманұлының өлеңдері туралы)*



***«Көшіп жүрген әр адам – бір-бір өлең...»*** Бұл – ақын Сәнтөренің философиялық тұжырымы. Шынында әр адам – бір өлең. Мұны ақын тегін айтып отырған жоқ. Өмір – поэзия. Поэзиясыз өмір жоқ. Мұны Ұлы Абай бабамыз айтып кетті:

*«Туғанда дүние есігін ашады өлең,*
*өлеңмен жер қойнына кірер денең...»*

Міне! ***Абай айтады:*** *«Сен дүниеге келгенде іңгәлап өлең айтып келесің, өмірден кеткенде де, өлең айтып кетесің...»*

Ырғақ – поэзияда болатын элемент. Ырғақсыз өмір жоқ. Демек, адамның өмірі ырғақпен өтеді. Адам жүреді – **ырғақпен жүреді.** Адам күледі – **ырғақпен күледі.** Адам туылады – **ырғақпен туылады.** Адам өледі – **ырғақпен өледі.** Ырғақ – әдебиет, ырғақ – поэзия. Бұған XXI ғасырдың ақыны Сәнтөре Пірманұлы былай деп үн қосады:

*Мың сырласып бақтағы*
*бұбұлменен,*
*Кеудеме күй жинадым*
*күмбірлеген.*



*Фәни, бақи-қос дүние арасында,*
*Көшіп жүрген әр адам бір-бір*
*өлең.*

(«Көш», 3-бет).

Ақын бақтағы бұлбұлды тегін жырға қосып отырған жоқ. Бақтағы бұлбұл – Шығыс поэзиясындағы символ. Сұлтанмахмұт хан бақтағы бұлбұл үнімен үндесе шығып тұрған өлең жолдарының иегерін сұратып нөкерін жебергенде, баққа жүгіріп барып келген нөкері: *«Хан ием, бұл баяғы өзің өлімге бұйырған Фирдоуси ақынның өлеңдері ғой...»* – дейді. Сонда Сұлтанмахмұт хан: *«Фирдоусиді неге өлімге бұйырдым. Оның өлеңдері халқымның өмірі екен ғой...»* – деп өкініпті деседі.

Иә, Фирдоусидің «Шахнама» атты кітабын әлемнің зиялы қауымы «Кітаптардың патшасы» деп бағалапты. Демек, поэзия – адамның өмірі! Өмірдің өзі – әдебиет!

***Абай айтады:***

*Мен жазбаймын өлеңді ермек*
*үшін...*

***Мұқағали айтады:***

*Күпі киген қазақтың қара*
*өлеңін,*
*Шекпен жауып өзіне*
*қайтарамын...*

***Төлеген айтады:***

*Ақын болу оңай деймісің,*
*қарағым,*
*Аузында жүру сыздаған барлық*
*жараның...*

***Ал Сәнтөре былай дейді:***

*Уақыт зыр-зыр аттап құба*
*белден,*
*Қусам да жеткізбеді*
*құламенен.*
*Біздер қайдан білейік бұ*
*ғұмырың,*
*Өлең көшкен өткелден тұрады*
*екен...*

(3-бет).

***Қазақ халқының аңыз әңгімесі былай дейді:*** *«Өлең бұлты қазақ даласына келгенде, жер бауырлап ұшыпты...»*

***Потанин айтады:*** *«Қазақ даласы маған ән салып тұрғандай болып көрінеді...»*

***Сәнтөре айтады:***

*Малшынған пешенесі бақ пен*
*сорға,*
*Өлеңге біреу жүйрік, біреу*
*жорға.*
*Өрт өлеңнің көшінен не табам*
*деп,*



*Кідірген де кезім көп орта*
*жолда...*

*Көшкен бұлттай қалықтап*
*көшеді өлең,*
*Көшемін... көшіп жүрмін...*
*көше берем...*

(3-бет).

Көз алдында ғажайып сурет: Өлең бұлты – өлең көші. Өлең бұлты көшіп барады. Қазақ даласында жер бауырлап көшіп барады.

Бұл көш – өлең көші болғандықтан, тегін көш емес екені айдан анық:

*Қара өлеңнің көшіне ілесе*
*алмай,*
*Қаңғып кеткен жан аз ба көше-*
*менен?*

*Көкжиектер, япыр-ау, күле ме*
*алдан,*
*Тағдыр деген осы ма тілеп*
*алған?*
*Қара өлең, қайта келіп есік*
*қақтым,*
*«Көш көлікті болсын!» – деп*
*тіле маған.*

(3-бет).

Ақын осылай ағынан жарылады.

Сәнтөре жырларында көңілдің тереңінен ағып өтетін ғажайып сезім бар. Бабам қазақта: *«Терең өзен ағысын білдірмейді...»* деген аталы сөз бар. Ақын әдебиетте өз жолын тапқысы келеді. Әркім жүрген соқпақпен жүргісі келмейді:

*Мың сырлы көкжиек те, шың,*
*құздар да,*
*Көктен дәру түседі*
*жалбыздарға.*
*Іздеген жерде жоқты табам*
*ба деп,*
*Алаңдап көп қараймын*
*жұлдыздарға.*

(3-бет).

Бұл – ақынға тән қасиет. Абай да сөйтті, Махамбет те сөйтті. Төлеген де сөйтті, Жұмекен де сөйтті. Сөйткен ақындар қазақ поэзиясында соны жаңалық ашты. Әдебиетімізде, поэзиямызда соны құбылыс болды. Сәнтөре:

*Уақыт тұра алар ма тағат*
*күтіп,*
*Көш-керуен құс жолымен*
*барады өтіп.*
*Көктегі жұлдыздарға жету*
*үшін,*
*Ұшсам деп армандаймын қанат*
*бітіп...*

(3-бет) – дейді.

Уақыт пен адам арасындағы байланысты жырлаған ақын осылай деп үн қатады. Адамның өмірі де құс жолы сияқты. Заманмен арпалысу, тағдырмен күресу, бақытқа жету үшін қарбалас тіршілік. Көктегі жұлдыздарға жетемін деген адамның ұмтылысы Уақыттың Жеңіске жетуімен аяқталады. Адам – Уақыт алдында дәрменсіз. «Жалған дүние...» деген сөздің салтанат құруы сондықтан болар.

Атақ үшін жүгірген мансапқорлардың ездік қасиеті қазіргі заманда қоғамда әртүрлі келеңсіздіктерге жетелеп жүргені анық. Өнер адамдарының бақталастығы, біреудің алдына ор қазу, сыртынан ғайбат сөз айту – өнерді де, өлеңді де қадірсіз етіп жібергені рас. Ал ақын:

*Періште емес, жұмыр басты*
*пендемін,*
*(Жол үстінде табылмайды*
*кімде мін?)*
*Төр аңсаған кездерім жоқ*
*өңмеңдеп,*
*Мансапқорлар көштеріне*
*ермедім...*

(4-бет) – дейді.

***Мансапқорлық пен атаққұмарлықтың кімді болса да орға жығатыны анық. Он алты жастағы «ақынның» шығармашылық кешіне бара жатқан адамдарға куә болғанымыз бар. Кітабы шықпаған, бес-алты өлеңі газет бетіне жарияланған «ақынның» поэзия кеші туралы жазылған бес беттік мақаланы да оқыдық. Бәлкім, осындай келеңсіздіктер үшін шығар арқалы ақындардың мынау сұр заманға лағынет айтып, өмірден безуі?***

**Сәнтөре:**

*Жаза алмастан қанат қағып*
*құлашын,*
*Талай тексіз деді-ау мені*
*құласын.*
*Ақиқатты айтқаны үшін*
*кешірем,*
*Ішіп кеткен ақындардың*
*күнәсін...*

( 4-бет) -дейді.

***«Жүрегім менің ғарышта»*** атты өлеңінде терең пәлсапа бар:

*Ғазауат ғасыр жосылып,*
*Түрленіп кетті таңымыз.*
*Адам мен пері қосылып,*
*Араласып кетті қанымыз.*

(7-бет).



Ақын осы төрт жол өлеңі арқылы ғаламат мәселені қозғап отыр. Табиғи апат, техногендік өркениет, жаһанданудың зиянды көріністері, адамзат бойындағы электрондық ой-өріс:

*Ақылдың аты ақсайды,*
*Шындықтың әлсіз бір көзі.*
*Хайуанға қатты ұқсайды,*
*Адамның алпыс мінезі.*

*Түрім бар еді бозарған,*
*Түрленді менің реңім.*
*Тазартып өзін тозаңнан,*
*Ғарышқа кетті жүрегім...*

(7-бет).

Ақын сұр заманмен айқасады. Ақынды алаяқтық пен айлакерлік, мәңгүрттік пен ұлтсыздық, жемқорлық пен жалқаулық мезі етеді. Осындай сұр заман адамды өмірден безіндіреді. Қарбалас күй кешеді. Әділетті, адамгершілікті, имани әлемді іздейді. Сол әлемді ғарыштан іздеп таппақ болады. Адамға еркіндік қажет. Алаяқтар мен опасыздар мекен еткен Жер бетінде асыл арманға жету қиынның қиыны. Сондықтан ақын:

*...Ардан безген алаяқтар кес-*
*кестеп,*
*Арғы бетін ашқызбайды*

*пердемнің...*

– дейді ( 4-бет). Сол алаяқтардан безіп, ғарышқа баруды аңсаған ақын жүрегі:

*Жүрген бір жақсы алыста,*
*Боянып Нұрға таңертең.*
*Жүрегім менің ғарышта,*
*Жердегі күміс көлеңкем...*

– деп мұңданады (7-бет).

Ақынның мәңгілік махаббаты – елге деген махаббаты. Халқына деген, еліне деген ыстық махаббат ақын жүрегінен былайша жыр болып өріледі:

*...Кетерміз бір күндері бәріміз де,*
*(Қасарып қарамаймыз әлімізге).*
*...Жүрегім, лүпіліңе риза боп,*
*Мәңгілік махаббаттың мәнін іздe.*

*Ту етіп Құрандағы қанағатты,*
*Ұшырам армандарды ақ қанатты.*
*Кетермін аманат қып жер бетіне,*
*Кірлетпей Елге деген махаббатты...*



(12-бет).

Сәнтөренің ***«Ой туралы балаладасы»*** терең ойларға жетелейді. Қазақ әдебиетінің қадыры – Қадырдың ой иірімдерінен бөлек. Ой арқылы елге деген, бауырына деген, табиғатқа деген іңкәрлігін жыр жолдарымен өрнектейді:

*Ойлаймын үйімді де, даламды да,*
*Бірде ыстық, бірде суық Ғаламмына.*
*Ойлаймын тебіреніп достар жайлы,*
*Соғыста жоқ боп кеткен ағамды да.*

*...Ойлаймын қыр гүлінің қызылдығын,*
*Өлшеймін қара жолдың ұзындығын.*
*Үңілем тау мен теңіз қабағына,*
*Тыңдаймын Айдың әнін, түннің тілін.*
*Қалмасын деп жанарлар тілдеспеген,*
*Беймаза көңілдермен күндер кешем.*

*Апыр-ай, шегі бітпес ой-мұхиттың,*
*Тұншығып тереңіне өлмес пе екем?...*

(13-14-беттер).

* * *

Дінмұхаммед Қонаевқа арналған *«Алатау»,* Мергенбай жыршыға арналған *«Жыршы едің»,* Раушанбек Бектібаевқа арналған *«Қиялы ғарыш кезіп...»,* Қали Шыңғысовқа арналған *«Ақын бар Қармақшыда Қали атты...»,* Рүстем Ахметұлына, академик К.Ормантаевқа арналған *«Алтын адам»,* Төлепбай Әлтеевке арналған *«Қаратау қаһарманы»,* Құдайберген Нұрмановқа арналған *«Тұлға»,* Алтай Райқұловқа арналған *«Жалғыз жарық»,* Қайырбай Зәкіровке арналған *«Сұрақ-жауап»,* Ғалия Данабекқызына, Әлия Бөпежановаға арналған *«Сарысудың сұлуы»,* Сәуле Мақшанқызына арналған *«Тараздың таңшолпаны»,* Болатбек Сүлейменұлына арналған *«Көсем»,* Жақсылық Сәтібековке арналған, Әзімбек Жанқұлиевке арналған *«Тұлпар тектес...»,* Ниятоллаға арналған *«Бұлттан асып сөйлейтін...»,* Сара Ембергенқызына арналған *«Ана» деп аталатын арнау өлеңдері* рухани байлығымыздың өсіп өркендеуіне ықпал ететіні сөзсіз!





**Л. Қ.МАЛИК,**
**Қазақ тілі және әдебиеті**
**пәнінің оқытушысы.**
**Мақтарал аграрлық колледжі.**
ОҚО. Мақтаарал қаласы

# АБАЙ ҚАРА СӨЗДЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Материалдық, техникалық тұрғыдан адамзат қоғамы қаншалықты дамып, өмір сүру тым қолайлы әрі жеңіл, ыңғайлы болғанымен, адамның жан мен тәннің қосындысы екендігі, оның санасы, ақыл-ойы, ішкі жан дүниесі, руханияты мен ділі қатпарлы болатындығы белгілі. Абай заманынан бері, адамзат ақыл ойы, әсіресе, әлемнің дамыған, бәсекеге қабілетті елдерінде жаңа деңгейге көтерілді. ***Қазақ қоғамы – адами қасиеттер, ұлттық құндылық, руханияттық тұрғыда қаншалықты ілгері дами алды?*** Ұлы Абай шығармашылығына арқау болған – жалған құндылықтар, жалған намыс, надандық ұяты, қызыл сөз, өсек, өтірік, мақтаншақтық, аярлық, күншілдік, надандық қасиеттерден толық арыла алдық па? Абай сынды ұлы қаламгерлердің ойларының құдіреті әрбір жеке адамның жеке қасиеттерін қозғаумен қатар, тұтас бір ұлттың, мемлекеттің адамгершілік келбетін таразылайды, тіпті ол шеңберден де шығып, тұтас адамзат баласының адамдық қасиеттерінің сапасын анықтайды.

Абайдың даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық

шығармасы «Қара сөздері», оның қазақ қоғамындағы көптеген өзекті мәселелерді қозғағанын білеміз.

*«Адамзат баласының алдында үш айғақты зор міндет тұр:* ***бірі – бейбітшілікті, екіншісі – руханиятты, үшіншісі – табиғатты қорғау һәм сақтап қалу.*** *Бұлардың қай-қайсысы да біздің тіршілігіміздің басты бағдары. Бір-бірін толықтыратын ұғымдар. Осы үш бастауға Қазақстанның ғана емес, бүкіл әлемнің болашағы байлаулы»* – деп елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтпақшы, адамзат баласының өмір сүруіне қажет деп танитын осы үш фактор. Мұның ішінде, әсіресе «руханият» ең маңыздысы. Себебі, адам баласы рухани азықсыз өмір сүре алмайды. Жалпы, әлемдегі кез-келген халықты алып қарасақ та, ең алдымен, тәлім-тәрбиеге, білімге, адамгершілікке үндейді, болашақ ұрпақтың өн бойына рухани азық сіңіруге тырысады. Өйткені тәлім-тәрбиенің, адамгершілік қасиеттердің адам өмірінде алар орны ерекше. Атақты ғұлама ғалым, әлемнің екінші ұстазы Әл Фарабидің де *«Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы»* деген аталы сөзі бар. Осыдан-ақ тәрбиенің адам өміріндегі маңызын көруге болады.

Абай өз заманының сипатын, халқының сол кездегі жағдайы мен психологиясын, жеке адам бойындағы жақсы не жаман ниеттерді, өзінің дүниетанымын көрсеткен. Қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғаларының бірі Ғ. Мүсірепов мынадай пікір айтады: *«Абайдың қасиеті – өз заманынан биік тұруында».* Абай *«түзетпек едім заманды, өзімді тым - ақ зор тұтып»* деуінде үлкен мән бар. Абай – тәлімгер ұстаз. Жеке



адамға ақыл, мінез, іс, адамшылықты сақтайтын ұят-намыс керек дегенді айтады. Ал осындай адамшылықты жүрекпен байланыстырады. Жүрек – адамның ішкі сезімі деген ұғымда қолданған. Абайтанушылар ақынның қара сөздерін зерттей келе, мынадай тақырыптарға бөледі.

***1.*** *Адам жанын зерттеу, бала тәрбиесі жайлы;*
***2.*** *Имандылық тақырыбы;*
***3.*** *Жаман мінез, әдеттер;*
***4.*** *Адамгершілік жайлы;*
***5.*** *Қазақ мақалы;*
***6.*** *Қазақ халқы жайлы.*

Адам психологиясы және бала тәрбиесі жайында ағартушы ***7, 10, 20, 25, 31, 41, 43 қара сөздерінде*** айтқан. Адамның қызығушылығы "бір нәрсені, не көріністі білейін, игілігін көрейін" деген ерекше ынталануынан шығады. Қызығу, жан мен тәннің құмары және жас бала психологиясы жайында ***7-қара сөзінде*** айтқан. *«Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгендеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды»* дейді.

Осы тұрғыдан келгенде, қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының өлеңдері мен қара сөздері халыққа ерекше тәрбие береді, адамгершілікке үндейді. Оңайдан қиынға қарай, жақыннан жыраққа қарай, қызықты, күлкілі жайдан үлкен толғаулы қорытындыға қарай біртіндеп жетектейді. Мұның барлығы адамзатты адамгершілікке жетелеу мақсатында еді.

Енді ақынның бірнеше қара сөздеріне көңіл аударып көрелік. Абайдың қара сөздерінің кім

үшін болса да, тәрбиелік мәні зор. Әсіресе, білімге ұмтылушы жастар үшін айрықша құнды. Өйткені ғылым да, өнер де жастар үшін. Адамның қолын бақытқа жеткізетін ілім-білімді игеру де – жастардың ғана қолынан келетін іс. Қартайған адам қанша ұмтылса да, өндірері аз болмақ. Сондықтан білімге ұмтылған жастар ұлы ақынның бұл айтқандарын берік есте сақтауы қажет.

Абайдың ***«Алтыншы», «Сегізінші», «Он бірінші»*** сөздері білімге ұмтылуға бөгет жасайтын надандық, мақтаншақтық мінездерді шенеуге арналады. «Бірлік, тірлік» деген сөз ұғымдарының мәнін аша келіп, ***«Алтыншы сөзінде»*** Абай: *«Бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес»,* – десе, сол әңгімесінің екінші жерінде: «Ырыс алды – тірлік» дейді. Жанын қорғалап жаудан қашып, қорқақ атанып, еңбек қылудан, қызмет қылудан қашып, еріншек атанып, ез атанып, дүниеде әлгі айтылған ырысқа дұшпан болады...

*«Кеселді жалқау, қылжақ бас,*
*Әзір тамақ, әзір ас,*
*Сыртың пысық, ішің нас,*
*Артын ойлап ұялмас,* – болып жүріп, тірімін деме, онан да Алла жіберген ақ бұйрықты өлімнің өзі артық», – дейді. Ұлы ақын осы пікірін өзінің ***«Үшінші», «Он бірінші» сөздерінде де*** толықтырып, ұштай түседі. Мал үшін ар-намысын сату, бірінің үстінен бірі арыз беріп жала жабу, ауызбіршіліктің болмауы тәрізді мінездердің бәрі де надандықтан, мәдениетсіздіктен, жалқаулықтан, еңбексіздіктен келіп туатынын дәлелдей келе, ақын өзінің



оқырмандарын жат мінездерден қашық болуға тәрбиелейді. Бұл әңгімелердің идеялық мазмұны да, келешек ұрпақ үшін құндылығы да осында.

Өзінің өлеңдеріндегі тәрізді қара сөздерінде де ұрлық, парақорлық, пәлеқорлық, мансапқорлық, тағы басқалар елдің ел болуына зор бөгет екендігін айта келіп, «Қырық бірінші сөзінде» ұлы ақын екі нәрсені ұсынады: *біріншісі – «Бек зор үкімет», екіншісі – қаржы.* Үкіметтің күшімен қазақтың ұл, қыздарын еріксіз түрде мектепке беріп, оларды ғылымның әр саласынан мамандандырып, ой-санасын жаңаша тәрбиелеп, бұрынғылардан мүлде өзге психология, өзгеше наным-сенімдегі адамдар етіп тәрбиелесе, сонда ғана елдің түзелетіндігін айтқан.

Абайдың ***«Он жетінші сөзі»*** қайрат, ақыл, жүрек, ғылымға арналады. Алдыңғы үшеуі адам үшін өздерінің атқаратын жұмыстарын айта келіп, әрқайсысы өзін бірінші орынға қойып таласады да, ғылымға төрелікке жүгінеді. Ғылым үшеуінің де жақсылы, жаманды қасиеттерін дәл сипаттап, әділ сынайды. Жеке-жеке үшеуінде де кемшілік бар.

*«...Осы үшеуің басынды қос, оның ішінде жүрекке билет»,* – деп үкім шығарады. *«Егер үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтаймын»,* – дейді оларға ғылым. Демек, Абай жүректі, яғни адам – адамды сүю, адам үшін қызмет етуді бірінші орынға қояды. Бірақ ғылым бойынша да, Абайша да ең идеал нәрсе – осы үшеуінің бірлігі. *«Осы үшеуі (ақыл, қайрат, жүрек) бір кісіде менің айтқанымдай табылса, табанының топырағын көзге сүртерлік қасиетті адам сол»,* – дейді.

Тап осы тәрізді, тағы бір үлкен адамгершілік мәселесін қозғайтын шығармасы – ***«Отыз алтыншы сөзі».*** Қара сөз – ұят туралы. Өз кезегінде ұяттан, ардан безгендерді сынай келіп, ұят және оның түрлерін сөз етеді. ***Ұяттың бір түрі – адамның балалық дәуірінде болатын табиғи құбылыста, екіншісі – жасықтық, ынжықтықпен байланысты.*** *«Ұялмас нәрседен ұялған ұялу – ақымақтық, жамандық»,* – дей келіп, шын мәніндегі ұят қандай болу керек деген сұраққа жауап береді.

*«Ұят деген – адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігіңді ішіңнен өз мойныңа салып, сөгіп, қылған қылмысының аты...»,* – дейді.

*«Ұят кімде болса, иман сонда»* деген қазақтың мақалынан да ұятқа үлкен мән бергенін көреміз. Сондықтан да ұлы ақынымыз Абай да бұл мәселеге аса көңіл бөліп, өскелең ұрпақтың ар-ұяттарын таза сақтауын арман еткен. Қара сөздердің бүгінгі таңда тәрбиелік мәні зор.

Қорытындылай келе, біз ұлы ақынымыз Абай Құнанбайұлының дәуірінде айтып кеткен аталы сөздерінің әлі күнге дейін өз өмірімізге қажеттілігін ұғындық. Оның адамгершілікке баулыған, тәрбиеге негізделген қара сөздері арқылы рухани азық алдық, адамдық сипатта бой түзеуге тырыстық. Демек, бұл ақынның халықпен бірге жасағандығы. Ақын мұрасы – халықтың сарқылмас асыл қазынасы. Әр қазақта тәлім алар ғибратты сөздер көп болғай...

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

**1.** Абай Қара сөз. Халықаралық Абай клубы. Семей, 2007 **2.** БАҚ.



***Семинар сабақ***

**Г.С. ШАХАМАНОВА,**
**№167 жалпы білім беретін мектептің**
**қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.**
Алматы қаласы

# ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫМЕН ҮНДЕСТІГІ

**Сабақтың мақсаты:**

**Білімділігі:** Ақын шығармаларының мән-мағынасын түсіну, шығарманың тақырыбы, ақынның қайраткерлігі, сын тұрғысынан ойлауға, көзқарасын қалыптастыру, дүниетанымын шыңдау;

**Дамытушылығы:** Сөйлеу мәдениетінің, талдау дағдыларын, іскерлік белсенділігін шығармашылық ізденістерін шыңдауға ықпал ету, білім-білік дағдысын оңайдан күрделіге жетілдіре отырып, сын тұрғысынан ой тұжырымдауға, ана тілінде шешендікпен сөйлей білуге дағдыландыру.

**Тәрбиелілігі:** Оқушының адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, туған жер, Отан, тілді құрметтеу, еңбексүйгіштікке, әділдікке, өмірге белсенді тұлға етіп тәрбиелеу.

**Сабақтың түрі:** аралас сабақ, жаңа білімді

меңгеру, зерттеу

**Сабақтың әдісі:** баяндау, сұрақ-жауап, мәнерлеп оқу, түсіндіру, іздендіру, әңгімелеу

**Сабақтың көрнекілігі:** интерактивті тақта,слайд, смайликтер, теңгерім дөңгелегі, флипчарт, стикерлер, бейнежазба, Блум таксономиясы

**Пән аралық байланыс:** қазақ тілі, музыка, тарих.

**Сабақтың барысы: І.Ұйымдастыру кезеңі**

***1.****Оқушы назарын сабаққа аудару;*

***2.****Сабақ жабдығын әзірлеу;*

***3.****Оқушыларды түгелдеу.*

**ІІ.Топқа бөлу (смайлик арқылы)**

***І-топ – "Ғалымдар";***

***ІІ-топ – "Жазушылар";***

***ІІІ -топ – "Ақындар".***

**Әр топ өз ережелерін құрады.**

**ІІ.Үй жұмысын сұрау**

**Теңгерім дөңгелегі (өзін-өзі бағалау).**

***1.*** *Ш.Құдайбердіұлының өмірі, өскен ортасы туралы не білесіңдер?*

***2.*** *Ақын шығармаларының тақырыптары қандай?*

***3.*** *Ақын поэмасының негізгі тақырыптары*



*қандай? Кейіпкерлерге мінездеме беріңдер.*

***4.*** *Абай мен Шәкәрім шығармаларының өзара ұқсастығы, үндестігі неде? Қалай дәлелдер едіңдер?*

**ІІІ. Өлеңдерін жатқа оқыту.**

*Ақынның насихат өлеңдері, ғылым, білім жастарға айтар ақыл кеңесі қандай?*

**IV. Жаңа сабақты түсіндіру**

*Ғибрат алар артыңа сөз қалдырсаң,*
*Шын бақыт – Осыны ұқ,*
*Мәңгілік өлмейсің!*

***Шәкәрім.***

**Шәкәрім** – Абай бастаған жаңашыл, әдебиеттің Шығыс әлеміндегі аса ірі, көрнекті ғұлама өкілі, өнеге, өсиетке, даналық пікірге толы азаматтық парасатпен жазылған ерекше мәдениет, кең құлашты, бедерлі, өрнекті жырлардың авторы, шебер суреткер, талғампаз, әрі мөлдір әуезді лирик, тарихи романдар жазған ірі талант, ғалым-теоретик, эстетик-сыншы, 19 жасынан қазақ шежіресін жинап жазған зерттеуші.

**Шәкәрім** – Шығыс пен Батыстағы адамзаттың ірі өкілдерін халқына таратушы, дарынды аудармашы.

**Шәкәрім** – жүрегінен жалынды әндер

шығарған сазгер.

**Шәкәрім** – Араб, Батыс Еуропаны аралаған жиһангер қажы.

Ақынның көркемдік әлемі ақиқат шындықты жете танып, оны құнарлы оймен, құнды сөзбен жеткізе білуден басталады. Шәкәрім ұстазы Абай поэзиясының көркемдік әлемін игере отырып, өз шығармаларында оның алуан мүмкіндігін көрсетті.

**1.**Шәкәрімнің ұлы Абай сияқты халықты бақытқа, сәулетті өмірге жетелеудің бірден-бір жолы – ғылым, өнер, мәдениет, еңбек, адалдық, әділет деп білуі, соған үндеуі. ***«Насихат», «Талап пен ақыл», «Ашу мен ынсап», « Мен кетемін», «Мал жимақ» т.б өлеңдері.***

**2.** Ақын мұрасындағы ерекше тақырып еңбек тақырыбы екендігі – ***«Адамдық борышың».***

**3.** Жастық, махаббат, тақырыбы. ***«Шын сырым», «Жастарға», «Жастық туралы».***

**4.** Өнер, өлең, сөз құдіреті мен қасиеті туралы өлеңдері. ***«Бұл əн бұрынғы əннен өзгерек», «Анадан алғаш туғанда».***

**5.** Қазақ қауымындағы әкімдер, ел жақсылары, болыс, мансапқорлар өкілдері. ***«Жуандар», «Бай мен кедей», т.б***

**6.** Ақынның философиялық, педагогикалық,



психологиялық ой жүйесін білдіретін өлеңдері. ***«Дүние мен өмір», «Үш-ақ түрлі өмір бар», «Анық пен танық», «Кәрілік» т.б***

**7.** Дін, дін иелері туралы өлеңдері. ***«Шыннан артық құдай жоқ», «Тура жолда қайғы тұрмас», «Қысқа сөз» т.б***

**8.** ***«Әділ-Мария» романы, «Шын бақтың айнасы», «Мәнді сөздер», «Үш анық» атты прозасы.***

**9.** Аудармалары: ***Пушкиннен «Дубровский», «Боран» аудармасы «Крез патшасы» т.б***

**V. Абай мен Шәкәрім шығармаларын салыстыру, өлең құрылысына қарай талдау.**

**VI. Салыстыру жұмысы.**

| **Шыққан орталары** | **Абай Құнанбаев** | **Шәкәрім Құдайбердіұлы** |
|---|---|---|
| **Өмірдегі мақсаттары** | **Табиғат-Адам-Қоғам мәселесі. Үндестік** | |
| **Халыққа деген қарым-қатынастары** | **Тапқырлық, суреткерлік, ұлттық бояу** | |
| **Шығарма-ларындағы өзара ұқсастық. (қара сөздеріндегі)** | **«Өлең сөздің патшасы-сөз сарасы», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Ғылым таппай мақтанба»** | **«Мен жетелеп өлемін өрге қарай қазақты», «Жастарға», «Ашу мен ынсап», «Талап пен ақыл», «Насихат», «Мал жимақ»** |

**VII. Сарала, зертте (Ойлан, ойбөліс әдісі)**

| Тіл құралы | Мысалдар | Дәлелдер (Өз пікірің) |
|---|---|---|
| Мақал-мәтелдер | | |
| Шешендік сөздер | | |
| Қарапайым халық тілі | | |
| Өзі жиі қолданатын сөздер | | |

**VIII. Құлақтан кіріп, бойды алар**
**Жақсы ән мен тәтті күй.**

*«Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек» әнді тыңдау.*

**IX. Ойтолғау. «Даналар сөзі – ақылдың көзі»**

**X. Сабақты қорытындылау.** *Блум таксономиясы.*

*Шындығында да, адамның өмірі әрдайым бірыңғай бола бермейді. Алайда қиындық атаулыны тудыратын – адамның өзі. Өмірді мәнді ету үшін пайдасыз іске құмарланба, не істесең де ойлан! Боларға ұмтыл, болмасқа қанағат қыл, бойыңды таза ұста!* ***Міне, ақынның адамгершілік нысаны!***

**Шәкәрім реализмі** – Абай реализімінің заңды жалғасы. Ол өз дәуірінің шындығын



суреттеді. Айналасындағы кемшіліктерді, адамның мінез-құлқындағы кереғар пікір, надандық жалқаулықты сынады.

**Олардың жаңашылдығы:**

*“Оқу, білім, өнер іздегенде, талғампаздықпен таңдай біл!”* деуі – бүгінгі ұрпақ үшін де қымбат ғибрат.

Шәкәрім лирикасы мен поэмаларындағы философиялық терең ойшылдық Абай дәстүрімен әрдайым үндеседі.

**«Теңгерім дөңгелегін» жинақтау.**

**XI. Рефлексия. «Бес саусақ» әдісі** арқылы оқушылардың білім дәрежесін айқындау.

**XII. Үйге тапсырма:**

**1.** *Шәкәрім мен Абай шығармаларының үндестігі.*

**2.** *Шәкәрім поэзиясынан «Жастарға», «Адамдық борышың» өлеңдерін жаттау.*

**3.** *«Даналар сөзі – ақылдың көзі» ойтолғауды қорытындылау.*

**Р.У. СЕЙТМАҒАНБЕТОВА,**
**Тоғыз жалпы орта білім**
**беретін мектебінің қазақ тілі**
**мен әдебиеті пәні мұғалімі.**
Ақтөбе облысы,
Шалқар ауданы,
Шілікті ауылы

# М.МАҚАТАЕВ «ЕЛІМ БАРДА», «АНАУ– АСПАН, МЫНАУ– БАҚ» ӨЛЕҢДЕРІ

| | |
|---|---|
| **Сабақтың ұстанымы:** | Білекке емес, білімге сен! |
| **Сабақтың мақсаты:** | М.Мақатаевтың өлеңдерін оқыту. «Елім барда», «Анау – аспан, мынау – бақ» өлеңдерінің тақырыбын, идеялық мәнін ашу. Оқушылардың өздігінен ізденіп, тақырыптыашабілушеберліктерін шыңдау. Поэзияны түсіне білуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге баулу. |
| **Күтілетін нәтиже:** | **Барлық оқушы:** М.Мақатаев туралы мағлұмат бере алады,өлеңдерін қызыға оқиды. Өлеңдерін жатқа біледі. **Көп оқушы:** Мәнерлеп оқи отырып, оқушылар шығармашылықпен жұмыс жүргізе алады. Поэзияны түсіне алады, өлең туралы өз көзқарастарын білдіре алады. |



| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың әдісі:** | «Топтық оқыту», «Дискуссиялық сұрақтар», «Венн диаграммасы», «Сатылай кешенді талдау», «Кейіпкерге хат», «Бес жолды өлең», «Семантикалық карта», «Сұрақ-жауап әдісі», «Шаттық шеңбері» | |
| **Сабақтың типі** | Жаңа білімді игерту | |
| **I. Ұйымдастыру кезеңі** | **Психологиялық дайындық.** Сыныптағы ынтымақтастық атмосфераны қалыптастыру мақсатында бір-біріне жылы сөздер,тілек айтуды ұсынамын. Шаттық шеңберін құрғызып: -Оқушылар, мына менің қолымдағы Мұқағали атамыздың кітабын бір-бірімізге ұсынып, бүгінгі сабаққа жақсы тілек айтайық. | |
| **Топқа бөлу** | **«Өлең шумақтары » әдісімен** үш топқа бөлемін. «Қайырлы түн». Бағалау парағын үлестіру. | |
| **Өткен сабақты пысықтау. II. Үй тапсырмасы** | **«Серпімді сауал» әдісі** бойынша сұрау. -Қолымдағы кішкене допты топқа бағыттап лақтырамын. Кім ұстап алса, сол оқушы үй тапсырмасын айтады. Осылай жалғасады. Ақынның «Қара өлең», «Қайырлы түн» өлеңдерінің бірін жатқа сұрау. | |
| **Сабақтың кезеңдері** | **Мұғалімнің іс -әрекеті** | **Оқушының іс-әрекеті** |

| | | |
|---|---|---|
| **Қызы-ғушы-лықты ояту** | **«Дискуссиялық сұрақтар» әдісі. Жауаптары. Ия, жоқ**<br>**1-топ:**<br>**1.** М. Мақатаев 1931ж. Алматы облысы, Райымбек ауданы, Қарасаз ауылында дүниеге келді. +<br>**2.** «Қайырлы түн» өлеңі оқу, білім туралы жазылған. **-**<br>**3.** Мұқағалидың ұрпақтары бар. +<br>**4.** Мұқағали поэма жазбаған. **-**<br>**5.** Ақынның жары Лашын Әзімжанова. +<br>**6.** Мұқағалидың азан шақырып қойған аты Мұхаметқали.+<br>**2-топ**<br>**7.** Ақын жоғары білім алған **-**<br>**8.** Ақын орыс ақындарымен жақын араласпады.**-**<br>**9.** Ақын өлеңді 20 жасынан бастап жаза бастады. **-**<br>**10.** Жарық көрген кітаптары бар.+<br>**11.** Мұқағали ақын «Аққулар ұйықтағанда» дастанын Ғ. Мүсіреповке оқып бергенде, ол кісі алтын қаламын сыйға тартқан.+<br>**12.** Ақын өте жуас, момын адам болған. **-**<br>**3-топ**<br>**13.** М. Мақатаев шығармаларды қазақ тілінде сөйлетті. + | |



| | | |
|---|---|---|
| **Мағынаны тану** | **14.** Мұқағалидың 100 шақты өлеңдеріне ән жазылған.+<br>**15.** Ақынның үш бақыты бар.+<br>**16.** Мақатаевтың «Саржайлау» өлеңіне ән жазған композитор Н. Тілендиев. +<br>**17.** Тараз қаласында М. Мақатаев атына көше, мектеп берілген.+<br>**18.** Мұқағали өлеңге «Шекпен жауып қайтарамын» деген.+<br>**Видеоролик**<br>**Топтарға тапсырма беру. Постермен жұмыс.**<br>**1 - топ:** «Елім барда» өлеңін кітаптан мәнерлеп оқу. Өлең не жайында жазылған? Ақын Отанына, еліне деген ыстық ықыласын қалай жеткізген?,<br>**2 - топ:** «Анау – аспан, мынау – бақ» өлеңі мен А. Құнанбаевтың «Қыс» өлеңдерін мәнерлеп оқытып, өлеңдерді салыстырып, ұқсастықтарын табу.<br>***Өлеңде қыс көрінісі қалай суреттелген?***<br>***Табиғатты адам кейпінде суреттеуді теория тілінде не деп атаймыз?*** | ***Әр топ берілген тақырыптар бойынша постер қорғайды.*** |

| | | |
|---|---|---|
| **Сергіту сәті** | **3-топ. Семантикалық картаны толтыру.**<br>Өлеңнің тарихымен танысу. М.Мақатаевтың «Есіңе мені алғайсың» өлеңін тыңдату. | Оқушылар ақынның өлеңін тыңдап,бірге қосылып айтады. |
| **Сабақты бекіту** | **«Бес жолды өлең»** стратегиясымен жұмыс. **«Ел, аспан, бақ»** сөздеріне **бес жолды өлең** құрау. | Әр топ берілген тақырыпқа бес жолды өлең құрайды. |
| **Ой толғаныс** | **«Кейіпкерге хат» әдісі.** Оқушылар ақынға арнап хат жазады.Өз армандары мен ойларын білдіреді. **«Бірік. Жұптас. Бөліс» әдісімен хаттарын оқиды.** | Оқушылар ақынға арнап хат жазады. Бір-бірінің хатын оқиды. |
| **Қорытынды** | | |
| **Рефлексия** | **«Бас бармақ» әдісі**<br>Бүгінгі сабақтан алған әсерлерімен бөліседі. Стикерлерге өз пікірлерін жазады. | |
| **Үйге тапсырма** | Ұнаған бір өлеңін жаттап келу. «Менің Мұқағалиым» тақырыбында ойтолғау жазу. | |



**А. С. ТӨЛЕГЕНОВА,**
**«Бірінші қалалық жалпы білім беретін лицей» КММ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі.**
СҚО,
Петропавл қаласы

# ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

| Сабақтың тақырыбы мен мақсаты | Сабақтың кезеңдері | Оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер | Модульдер, дереккөздер | Оқып-үйренудің нәтижесі |
|---|---|---|---|---|
| **1.Тақырып:** Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығы.<br>**Мақсаты:** Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығы туралы мәлімет алады, мәтінмен жұмыс істеу дағдылары қалыптасады. | **I. Ұйымдастыру кезеңі.**<br>**а). Оқушылармен амандасу, түгендеу.**<br>**Сабаққа бейімдеу.**<br>**II. Үй тапсырмасын тексеру.**<br><br>**1. Сөздерді тексеру.**<br>Слайдта берілген сөздердің аудармасын кезекпен айту.<br><br>**2. Ақын туралы әңгімелеу.**<br>Бір оқушы бастайды, ал келесі оқушы жалғастырады. | Жұппен жұмыс, формативтік бағалау, сұрақ-жауап, баяндау | СТО, АКТ, диалогтік оқыту, формативтік бағалау, суммативтік бағалау дәптер, мәтін, оқулық, компьютер | Диалогтік оқыту арқылы оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау дағдысын қалыптастыру. Сабақ туралы пікірлерін айта алады. |




**3. Ыстық орындық.**
Құрастырған сұрақтарды тексеру.

**III. Негізгі бөлім.**
Сабақтың тақырыбымен, мақсатын айту.

**1. Шығармашылығы**




**Сөздер:**

| | |
|---|---|
| *Қауым-общество<br>Өркениетті-цивилизо-ванный<br>Үлгі -образец, пример* | *Тіршілік -жизнь<br>Шақ -время<br>Жеткін-шек-подрас-тающее поко-ление* |

**2. Жұппен жұмыс.**
*Жұпта сұрақтарға жауап беру*
*«Өнер-білім бар жұрттар» өлеңі (81, 82-бет)*
*1. Ақын не туралы баяндайды?*
*2. Өлеңнің негізгі идеясы қандай?*
*3. Ақын кімдерге сенім артты?*
*4. «Өзен» өлеңін аудармасымен салыстырыңдар*
*82-бет 1-шумақ*
*С громом с гор низвергаясь*
*в глубокий провал,*
*Огибая последние выступы скал,*
*Затихает река-и в долине блестит*



*Гладь ее, как поверхность спокойных зеркал 83-бет 2-шумақ*
*Сердце радо реке. От объятий ее*
*Хворь оставит недужное тело твое.*
*Скот, измученный зноем, в прохладной воде*
*Отдыхая, находит блаженство свое.*
*«Өзен», «Жаз» өлеңі (82, 83-бет)*
*1. Өлеңдер не туралы? Т*
*2. Ыбырай өлеңдері қандай мақсаттан туған?*
*3. Екі өлеңінде табиғат көрісін кімнің тіршілігімен байланыстыра суреттейді?*
*4. «Жаз» өлеңінде ақын бар тіршілікті немен байланыста бейнелейді?*
*5. «Өзен» өлеңінің аудармасымен салыстырыңдар*
*6. «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңінде ақын не туралы баяндайды?*
*7. Өлеңнің негізгі идеясы неде?*
*8. Ол кімдерге сенім артты? Жеткіншек ұрпаққа, жастарға*
*3. Сұрақтардың жауабын кезекпен оқу.*

**IV. Рефлексия**
*Оқушылардың сабақ туралы пікірлері.*

| Не білемін? | Не білдім? | Не білгім келеді? |
|---|---|---|
| | | |

**V. Бағалау**
**VI. Үй жұмысы:** Сөздерді жаттау, өлеңдері туралы әңгімелеу. «Өзен» өлеңінің 2 шумағын жаттау.

**С. Б. НҰҒМАНОВА,**
**№17 ЖОББМ.**
БҚО,
Орал қаласы

# А.ҚҰНАНБАЕВ
# ҒЫЛЫМ ТАППАЙ МАҚТАНБА

| | |
|---|---|
| **Бөлім атауы** | Мектеп өмірі. Әдепті бала – арлы бала. |
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары** | Фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби шығармаларды түсіну, тақырыбын анықтау(5.О3); Эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу (5Ж2). |
| **Сабақтың мақсаттары** | **Оқушылардың бәрі істей алады:** Өлеңді мәнерлеп оқып түсінеді, тақырыбын анықтайды. |
| | **Оқушылардың көбі істей алады:**Өлеңнен бес жаман қасиетті тауып, талдау жасайды. |
| | **Кейбір оқушылар істей алады:** Оқушылар тақырып бойынша өз ойларын саралайды, эссе жазады. |
| **Сабақтың түрі** | Оқылым және жазылым дағдыларын дамыту сабағы |
| **Бағалау критерийлері** | **Білім алушы:**<br>- Өлеңді мәнерлеп оқып түсінеді, тақырыбын анықтайды;<br>- Жаман қасиеттерді іріктеп, талдау жасайды;<br>- Өз ойларын саралап, өмірмен байланыстырып, эссе жазады. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Оқушылар:** Оқушылар сөздік қорларын кеңейтеді. Өз ойын жүйелі де еркін жеткізе отырып, өзгенің пікірін тыңдай біледі. |
| | **Пән лексикасы және терминология:** Абай, дұшпан, өсек, өтірік, мақтаншақ, бес, білсеңіз, ақылды, адам, тәрбиелі т.б. |
| | **Диалог және жазылым үшін қажетті сөз тіркестер:** менің ойымша, қорытындылай келе,сипаттай келе, т.с.с. |
| **Құндылықтар** | *Зайырлы қоғам және жоғары руханият. Абай ақын атамыздың әрбір өлеңі бір-бір құнды дүние деуге болады. «Тәуелсіз ел тірегі-білімді ұрпақ»-деп елбасымыз айтқандай, жаман әдеттен аулақ болып, жақсы қасиеттерге ұмтылсақ қана бізден халық қамын ойлаған, Отанымыздың нағыз ұл-қыздары шығады. Сол себепті бүгінгі біздің тақырыбымыздың өзі осы «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының «Зайырлы қоғам және жоғары руханият» құндылығына арналған.* |

| | |
|---|---|
| **Пәнаралық байланыс** | Орыс тілі |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі** | Білу, түсіну, жинақтау, бағалау |
| **Осыған дейін меңгерілген білім** | Абай Құнанбаев. «Ғылым таппай мақтанба».<br>Бес асыл іс көнсеңіз.<br>**«Интервью» әдісінің** көмегімен алдыңғы біліммен жаңа сабақты байланыстырамын.<br>**Сұрақтар:**<br>**1.** Абайдың өнер-білім туралы тағы қандай өлеңдерін білесіңдер?<br>**2.** Бес асыл іс. Ол не?<br>**3.** Абай қандай ақын?<br>**4.** «Талап» сөзінің мағынасын айт.<br>**5.** «Қанағат – қарын тойдырар» дегенді қалай түсінеміз?<br>**6.** Бойымызға жақсы қасиеттерді сіңіру үшін не істеуіміз керек?<br>**7.** Өмірде кімді үлгі санайсың? |

**Жоспар**

| Жоспарланатын уақыт | Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер | Дерек-көздер |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы 6 мин.** | **Қызығушылықты ояту кезеңі:** Оқушылармен амандасу;<br>Оқушылар және олардың оқу құралдарын түгендеу. | |



| | | |
|---|---|---|
| | **Психологиялық ахуал:** видеотаспа көрсетіп, оқушыларды тиімді оқыту әдісі бойынша аралас екі «Бес асыл іс», «Бес дұшпан» тобына бөлу үшін қағаз қиындыларына талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым, өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ сөздері жазылып теріс аударылады. Әр оқушы берілген қағаз қиындыларын таңдап, қасиеттерді ажыратып, түсінік беріп, тобына отырады. | *видеоролик Бес дұшпан» тақырыбы, ютуб сайтынан* |
| **Сабақтың ортасы 32 мин** | **Мәтіналды жұмыс:**<br>• *Жаңа сөздер сыныпта қабырғаларда, шкафтарда ілініп тұрады.*<br>• *Оқушылар соны тауып жинап әкеледі, әркім өзі тауып әкелген сөздерді кезекпен оқып отырады.*<br>• *Мұғалім кезекпен оқылған жаңа сөздерді тақтаға жазып, аудармасын айтып отырады.*<br>• *Оқушылар бұл сөздерді сөздікке жазады.*<br>***Дұшпан, өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ, жамандық, нәфрәтлі, ғибрәтлі, ғалым, ғылым***<br>Өздерің көріп отырғандай, бүгінгі біздің тақырыбымыз адамның 5 жаман қасиетіне арналғалы отыр, олай болса, | Сөздікпен жұмыс, оқулық |

балалар:

*Асыл сөзді іздесең,*
*Абайды оқы, ерінбе!*
*Адамдықты көздесең,*
*Жаттап тоқы көңілге!*

— деп Сұлтанмахмұт Торайғыров айтқандай, Абай атамыздың «Ғылым таппай мақтанба өлеңін» оқып, жаман қасиеттерді саралауға арналған тапсырмаларға назар аударайық.

**1-тапсырма.**

Мұғалімнің жетекшілігімен жүргізілетін оқылым тапсырмасы. Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін мұқият оқып, бағдарсызық арқылы ақпараттарды өлең мазмұнына сай сәйкестендір. Өлеңнің мазмұнымен бөліс.

***Ғылым*** *таппай мақтанба,*
*Орын таппай баптанба,*
*Құмарланып шаттанба,*
*Ойнап босқа күлуге.*
***Бес нәрседен*** *қашық бол,*
***Бес нәрсеге*** *асық бол,*



*Адам болам десеңіз.*
*Тілеуің, өмірің алдыңда,*
*Оған қайғы жесеңіз.*
***Өсек, өтірік, мақтаншақ,***
***Еріншек, бекер мал шашпақ –***
***Бес дұшпаның,*** *білсеңіз.*
***Талап, еңбек, терең ой,***
***Қанағат, рақым, ойлап қой –***
***Бес асыл іс,*** *көнсеңіз.*
***Жамандық*** *көрсең* ***нәфрәтлі,***
*Суытып көңіл тыйсаңыз.*
***Жақсылық*** *көрсең* ***ғибрәтлі****,*
*Оны ойға жисаңыз.*
***Ғалым*** *болмай немене,*
*Балалықты қисаңыз?*
*Болмасаң да ұқсап бақ,*
*Бір* ***ғалымды*** *көрсеңіз.*
*Ондай болмақ қайда деп,*
*Айтпа* ***ғылым*** *сүйсеңіз,*
*Сізге ғылым кім берер,*
***Жанбай жатып сөнсеңіз?***
*Дүние де өзі, мал да өзі,*
***Ғылымға көңіл бөлсеңіз.***

| | | |
|---|---|---|
| *Бес асыл іс* | | *Пайдалы нәрселерден үлгі-өнеге ал.* |
| *Жамандық көрсең нәфрәтлі* | | *Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ* |
| *Жақсылық көрсең ғибрәтлі* | | *Талап,еңбек, терең ой,қанағат, рақым* |
| *Бес дұшпан* | | *Пайдасыз нәрселерден аулақ болу* |

оқулық

Мұғалімге арналған нұсқаулық

**Дескрипторлар:**

• Өлеңді мәнерлеп оқиды, тақырыбын түсінеді.

• Адамның жаман қасиеттерін анықтайды, сәйкестендіреді.

• Өлеңнің мазмұнын айтады, өмірмен байланыстырады.

**Кері байланыс:**

**«Бағдаршам» тәсілі** бойынша **кері байланыс**.

**2-тапсырма.**

Жұптық, топтық жұмыс. Өлеңнен жаман қасиеттерді іріктe.

**1-ші топқа «Балық қаңқасы»** беріледі.



*Бұл жаман қасиеттер неге итермелейді?*

**2-ші топқа «Қарым-қатынас аймағы» шеңбері** беріледі. Жаман қасиеттердің өсу ретімен орналастырып, сипаттау. Себебі мен салдарын түсіндіру.





**Дескрипторлар:**

• *Жаман қасиеттердің әр қайсысына түсінік береді*

• *Салдары мен себебін анықтайды.*

• *Шешу жолдарын ұсынады, құндылықпен байланыстырады.*

**Кері байланыс:**

**«Жетістік баспалдағы» әдісін** пайдаланамын. Бұл әдіс арқылы сабақтың басында боялған кейіпкеріміз, яғни, оқушымыз қазір қай баспалдаққа көтерілгенін, не төмендегенін қараймыз. Төмендеген оқушыға жеке кері байланыс жүргізіп, қолпаштаймын, түсінбеген жерін сұрақ қою арқылы түсіндіріп жібереміз.



**3-тапсырма.** Белсенді оқытудың РАФТ-технологиясын орындатамын.

**Р-**рөл-оқушы

**А-**аудиториясы-сынып

**Ф-**формасы-эссе

**Т-**тақырыбы:

**1-топқа «Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам»** ,

**2-ші топқа «Еріншектің ертеңі бітпес» тақырыбында досына 5-8 сөйлемнен тұратын сипаттама эссе жазады.**

| | | |
|---|---|---|
| | Сипаттама эссені жазуда сабақтың басындағы тілдік мақсаттар ескеріледі.<br>**Пән лексикасы және терминология:** Абай, дұшпан, өсек, өтірік, мақтаншақ, бес, білсеңіз, ақылды, адам, тәрбиелі т.б.<br><br>**Диалог және жазылым үшін қажетті сөз тіркестер:** менің ойымша, қорытындылай келе, т.с.с.<br>**Дескрипторлар:**<br>• Бүгінгі сабақта өткен мағлұматтарды біледі.<br>• Өз ойын еркін жеткізеді.<br>• Сипаттама эссені жазады.<br><br>**Кері байланыс: «От шашу»**<br>«От шашу» арқылы кері байланыс жасаймыз. Қолдауды көп қажет ететін оқушыларды орындаған жұмыстарына сай мадақтаймын. | |
| **Сабақтың соңы 5 мин** | **Рефлексия**<br>Сабақтың соңында барлық білімді қорытып, оқушыларды бағалау үшін оқушылардың сабақ барысында бір-біріне берген кері байланысы және кейбір оқушыларды жекелей мадақтаудың негізінде **«Блоб сыныбы» әдісі** бойынша бағалау.<br>Түсінбеген жерлері болса, жеке түсіндіру. | |



| | | |
|---|---|---|
| **2 мин.** | <br>**Үйге тапсырма:**<br>5 жаман қасиет туралы 10 мақал-мәтел жаттау. | |

**Қосымша ақпарат**

| | | |
|---|---|---|
| Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз?<br>Оқушылардың білімін саралау үшін 1-тапсырманы алдым. 1-тапсырма бойынша қолдауды көбірек қажет ететін оқушыларға өлеңді мәнерлеп оқып түсініп, тірек сөздер арқылы тақырыбын анықтау тапсырмасын беремін. Бұл тапсырманы сыныптың жас ерекшелігі мен сыныптың оқу деңгейіне сәйкес таңдадым. Тірек сөздер алдын-ала мәтінмен жұмыс барысында талданады. Сондықтан бұл деңгейдің оқушылары үшін бұл тапсырма қызықты, әрі орындауға ондай қиындық тудырмайды.<br>Ал қолдауды орташа қажет ететін оқушыларға өлеңнен бес жаман қасиетті тауып, талдау тапсырмасын ұсынамын. Бағдарсызық арқылы сәйкестендіріп, оқушы неге таңдағанын түсіндіреді және ол қасиетке сипаттама береді. | Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз? Сабақтың барысында, әр тапсырмадан соң оқушылар бір-бірін бағалап отырады. | **Пәнаралық байланыс**<br>Орыс тілі тығыз байланысты. Бұл сабақтың басында және ортасында көрініс табады. Сөздікпен жұмыс және саралау тапсырмасын орындаған кезде. |

<table>
<tr>
<td>Бұл тапсырманы қолдауды көп қажет ететін оқушылардың қызығушылықпен орындауы да мүмкін. Оқушының өз деңгейіне сәйкес.<br>
<table>
<tr><td>Бес асыл іс</td><td></td><td>Пайдалы нәрселерден үлгі-өнеге ал.</td></tr>
<tr><td>Жамандық көрсең нәфрәтлі</td><td></td><td>Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ</td></tr>
<tr><td>Жақсылық көрсең ғибрәтлі</td><td></td><td>Талап,еңбек, терең ой,қанағат, рақым</td></tr>
<tr><td>Бес дұшпан</td><td></td><td>Пайдасыз нәрселерден аулақ болу</td></tr>
</table>
Ал қолдауды аз қажет ететін оқушылар өлеңнің мәтінін мәнерлеп оқып, тірек сөздерді тауып, талдап, сәйкестендіріп, мазмұнын толық әрі нақты жеткізеді. Сондай-ақ, өмірмен байланыстыра отырып, мысал келтіреді.<br><br>
АКТ-мен байланыс<br>
Құндылықтармен байланыс (тәрбиелік элемент)<br>
«Зайырлы қоғам және жоғары руханият» құндылығы сабақтың барлық бөлімімен байланысты. Алынған тапсырмалар осы құндылықтың негізінде және тәрбиелік элементтерге негізделіп таңдалынған. Мәселен, «балық қаңқасын» толтыруда оқушылар өмірмен байланыстырып, жаман қасиеттердің түзету жолдарын анықтайды.</td>
<td>Бағалау әдістері арқылы бағалаған парақтарын қарай отырып оқушыларды сабақ соңында кері байланыс жүргізе бағалаймын.<br>
Бағалау әдістері<br>
1. Блоб ағашы<br>
2.Жетістік баспалдағы<br>
3.Смайлик арқылы<br>
4. Блоб сыныбы</td>
<td>Қауіпсіздік ережелері. Интербелсенді тақтаны қолдануда, сондай ақ, кластер не постерлерін қорғауда қайшы тағы басқа құралдарды пайдалануда.</td>
</tr>
</table>



<table>
<tr>
<td>Сабақтың барысындағы барлық тапсырмалар жаманнан жиреніп, жақсыдан үйренуге шақырады, яғни тәрбиелік мәнге ие.</td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Ойлану<br>Берілген сабақ мақсатына асты деп ойлаймын. Берілген сабақ мақсаты сабақтың тілдік мақсаттарымен тығыз байланысты. Осы мақсаттарға сабақ нәтижесінде жету үшін ұсынылған тапсырмаларым да орынды әрі бір-бірімен тығыз байланысты. Бірінен бірі туындап, ортақ бір шешімге итермелейді.</td>
<td colspan="2">Сабғымның мақсаты жүзеге асырымды болды. Бүгін оқушылар өз ойын жеткізе алуды, өлеңнің тақырыбы мен идесян анықтауды үйренді. Оқу атмосферасы жағымды болады деген ойдамын. Оқушылар сабаққа белсене қатысып, көптеген жаңа ойлар қосады. Дифференцацианы жүзеге асыру қолымнан келді, себебі оқушылардың барлығы өлеңнің, мәтіннің тақырыбын түсінді. Негізгі және қосымша ақпаратты таба алды. Және кейбірі осы ақпараттың идеямен байланысын дәлелдеп көрсетті. Мен жоспарланған уақытымды ұстандым. Жоспарыма ешбір өзгеріс енгізген жоқпын.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="3">Жалпы баға<br>
Сәтті өткен екі нәрсені атап көрсетіңіз (сабақ беру және оқытуға қатысты)?<br>
1.Топқа бөлу және топтық жұмыс.<br>
2. Әр тапсырма сайын оқушыларды ынталандыру және бағалау.<br>
Қандай екі нәрсе сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (сабақ беру және оқытуға қатысты)?<br>
1.Берілген уақыт бойынша жұмыс жасау.<br>
2. Белсенді әдістерді тиімді қолдану.</td>
</tr>
</table>

**К. К. ТЛЕГЕНОВА,**
**ЖОББМБК**
**Қазақ тілі мен әдебиеті**
**пәні мұғалімі.**
БҚО,
Зеленов ауданы,
Асан ауылы

# ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ «КҮЙ» ПОЭМАСЫ

| | |
|---|---|
| **Мақсаты** | Оқушыларға берілген тақырып бойынша белгілі тұлға туралы мағлұмат беру, шығарманың маңыздылығын ұғындыру. |
| **Күтілетін нәтиже** | **А.** Оқушылар жаңа тақырып туралы біледі, шығарма туралы түсінік қалыптасады.<br>**В.** Өзіндік пікір қалыптасады. Басқа да жазушылардың туындыларынан ажырата алады.<br>**С.** Өзінің өмірге деген шынайы көзқарасы туралы ойын жинақтап, қазіргі өмірмен салыстыра біледі. |
| **Керекті жабдықтар** | Оқулық, ресурс парақтары, АКТ |
| **Қолданылатын әдістер** | Топтық ойталқы, АКТ(видеоролик), «Брайн-райтинг» әдісі. |

**Сабақ барысы**

| **Сабақ кезеңдері** | **Уақыты (минут)** | **Мұғалім әрекеті** | **Оқушы әрекеті** |
|---|---|---|---|
| **Кіріспе** | **10** | *- оқушылармен амандасу;*<br>*- сыныпты түгендеу;*<br>*- кезекшілік қызметін қадағалау;*<br>*- оқушылардың назарларын сабаққа аудару.*<br>Өткен тарау бойынша білімдерін қорытындылап, жаңа сабақ арасында үндестік барын айтамын. | *- мұғаліммен сәлемдесу;*<br>*- кезекшілік қызметін атқару;*<br>*- сабаққа зер салу.*<br>**Өткен сабағымызда өтілген тақырып бойынша қайталау.**<br>**1.**Берілген сұрақтарға жауап беру.<br>**2.**Тест тапсырмаларын орындау.<br>**(«Брайн-райтинг»әдісі бойынша көршілерімен алмасып бағалау.)** |
| **Тұсаукесер** | **5** | **1). АКТ әдісі:** Бейнеролик тамашалау.<br>**Түрткі болу әдісі арқылы:**<br>**1).** *Бұл бейнежазбадан не көрдіңіз?*<br>**2).** *Көргеніңіз туралы не айтасыз?*<br>**3).** *Қосарыңыз бар ма?*<br>**Нәтижесінде, сабақтың тақырыбы анықталады: Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Ілияс Жансүгіров, «Күй».** | Тамашалаған бейнеролик туралы баяндайды.<br>Өткен материалды еске түсіреді, өз жауаптарын түзетеді, нақтылайды.<br><br>Оқушылар берілген жауаптарды тыңдап, қолпаштап, қол шапалақтайды, сенім білдіреді. |
| **Негізгі бөлім** | **20**<br><br>**5** | **Жеке жұмыс**<br>Оқулығымыздың 250-бетінде берілген сөздікпен жұмыс.<br>Сөздікпен танысып, оқулығымызда берілген жазушының өмірбаянымен | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **5** | танысып және бейнероликтен алған мәліметтерді пайдаланып, **«Топтастыру» әдісі** бойынша тақтамен жұмыс. Келесі. Ілияс Жансүгіровтың «Күй» поэмасынан үзінді берілген, 251-бетті ашамыз. Ең алдымен, «Күй» сөзіне тоқталсақ, Оқушылардың жауабы............<br>...................................................<br>Олай болса, осы Жазушы да бұл сөздің мағынасын жоғары бағалаған, сүйіп-дәріптеген және бізге таныстырғысы келген.<br>*– Күй деген не?*<br>*– Күй орындаған адамды қалай атайды?*<br>*– Қандай аспапта орындауға болады?*<br>*– Бұрын-соңды "күй" сөзін естідіңіздер ме?*<br>*– Қазақ халқының күйшілерін білесіздер ме?*<br>Енді, **«Боз інген» күйін тыңдаймыз.**<br>Оқушыларға сұрақ қойылады.<br>**Сөздік:**<br>*Күй-мелодия без слов;*<br>*Шал-старец;*<br>*Қобызшы-исполнитель произведении на кобызе;* | |



<table>
<tr>
<td></td>
<td></td>
<td>
Күйші- исполнитель кюев;<br>
Матай-название местности;<br>
Інген-верблюдица(по возрасту).<br>
Оқулықпен жұмыс, 251-бет. Үзіндіні мәнерлеп оқимыз.<br>
Бас кейіпкері кім?<br>
Қай жерде болған оқиға?<br>
Күй қай аспапта орындалды, оқулықта?<br>
Келесі, оқулығымызда берілген тапсырманы орындаймыз.<br>
Дәптермен жұмыс.<br>
«INSERT» әдісі бойынша кестені толтырамыз.
<table>
<tr><th>Білемін</th><th>Жаңалық</th><th>Білгім келеді?</th></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
Сабағымызды қорытындылай келе, I,II,III қатар бойынша тапсырма беріледі:<br>
I- Сатылай кешенді талдау;<br>
II- кесте толтыру;<br>
III- үзіндіден 3-4 сөзге синоним табу.
</td>
<td>Жеке жұмыс жасайды.</td>
</tr>
</table>

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Қорытынды** | **2** | **Кері байланыс**<br>Рефлексия парағын толтыру.<br>**Бүгінгі сабақта .............**<br><br>**БАҒАЛАУ**<br>**Үй тапсырмасы:**<br>**255-бет, II, III деңгей тапсырмаларын орындау.** | Үйге берілген тапсырманы күнделіктеріне жазып алады. |

**А.С.ЖҰМАБАЕВА,**
**Астана қаласы әкімдігінің**
**«№34 орта мектеп» КММ**
**қазақ тілі мен қазақ әдебиеті**
**пәні мұғалімі.**
Астана қаласы

# МАРАТ ҚАБАНБАЙ «БАУЫР» ӘҢГІМЕСІ

| | |
|---|---|
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары:** | Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау (Т/Ж2); Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу (Т/Ж3) |
| **Сабақ мақсаты:** | • Көркем шығарманың идеясына сүйеніп, шығармашылықпен жұмыс жасайды;<br>• Манап пен Қалидің образын ашады. |
| **Бағалау критерийі** | • Әдеби шығарманың идеясын өз көзқарасы негізінде жеткізеді.<br>• Шығармадағы Манап пенҚалидің портреті мен іс-әрекетіне талдау жасайды.<br>• Манап пен Қалидің образына қатысты өзіндік пікір танытады. |
| **Құндылық-тарға баулу:** | • Адами капитал (рухани адамгершілік) |



| | | |
|---|---|---|
| **Пәнаралық байланыс:** | Өзін-өзі тану | |
| **Алдыңғы білім:** | Әңгіменің мазмұнын еске түсіреді. | |
| **Саралау** | | |
| **Барлық оқушылар:** | **Көпшілік оқушылар:** | **Жекелеген оқушылар:** |
| **А).** Әңгімені мазмұндай алады;<br>**Ә).** Кейіпкерлердің тағдырын жетік біледі. | **А).** Кейіпкерлерге мінездеме береді;<br>**Ә).** Әңгіменің идеясын түсінеді. | **А).** Әңгімедегі кейіпкерлер портреті мен іс-әрекетіне талдау жасайды;<br>**Ә).** Кейіпкерге қатысты өзіндік пікір танытады. |

| **Уақыты** | **Кезеңдері** | **Тапсырма** | **Мақсаты** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|---|
| **2,5 мин.** | **Ұйымдастыру** | | **Сабаққа бейімдеу. Оқушылар арасында ынтымақтастық тудыру.** | **Шапалақ** | |
| **2,5 мин** | **Топтастыру** | **Әр түрлі сандар арқылы топтастырылады.** | **Сыныпты ынталандыру және топтағы атқаратын жұмыстарын анықтайды. Адами құндылықтарын байытады.** | | **Түрлі-түсті қағаздарға жазылған сандар арқылы топтасады** |
| | **Сабақтың басы «Әуен тыңдай отырып, өз эмоциясын жазу» әдісі** | *Іні өседі ағасына сүйеніп, Көкірегінен күмбір-күмбір күй өніп.* | Оқушылар бауырға деген ойларын жинақтап, | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *Бірін-бірі қолдап-қорғап жүретін, Аға – ініге басымызды иелік.* **(эпиграф)**<br>**«Әулет» әнін** тыңдайды, әннің сөзін тыңдай отырып, бауырға деген өз эмоциясын қағазға түсіреді. | қағазға түсіреді. | **«Қол соғу» әдісі** | |
| | | 1.*Ән қандай тақырыпқа арналған?*<br>2. *Әннің сөзі ұнады ма?*<br>3. *Қандай сөздерді тыңдай алдыңдар?*<br>4.*Манап пен Қалидің арасында әндегідей бауырмалдықыстық сезім бар ма?* | Ой тастау арқылы сабақты еске түсіріп, сабақты жалғастыру. | | |
| **7 мин.** | **Сабақтың басы**<br><br>**Түрткі сұрақтар** | **Үнтаспадан естігендері бойынша сұрақтар қойылады.**<br>1. *Қалидің жетімдер үйінде тәрбиеленуінің себебі неде?*<br>2. *Қали Манапты қалай қарсы алды?* | Берілген сұрақтар арқылы Манап пен Қалидің айрылысу себептерін түсінеді. | **Ауызша бағалау** | |
| | **Топтық жұмыс** | **І-топ:**<br>Қали мен Манапқа мінеземе береді<br>**ІІ-топ:**<br>Олардың армандары туралы айтады<br>**ІІІ-топ:**<br>«Адам жаны - мөлдір әйнек, | | | |



| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | шытынатып алсақ, қайта жамай алмаймыз»<br>Берілген сюжеттерді рет-ретімен орналастыру.<br>**1.***Өле-өлгенше бұл дүниеден шешесін мың бейнеден іздесе де мәңгі бақи таба алмай, арманда өтетін шығар...*<br>**2.***Иә, Манап Симбатович секілді ағам бар деген ой, әрине, Қалидың үш ұйықтаса түсіне кірген емес.*<br>**3.***Қали костюмге көз қиығын немқұрайды тастады да, миығынан күлімсіреді.*<br>**4.***Алыстағы ағаң жыл он екі айда бір рет келеді.*<br>**5.***Орындық арқалығын желкесіне жастап, басын артқа тастап жіберді де, көзін жұмды.*<br>**6.** *Ауыл есіңде ме? Көкем, мен... Қалғұты ... тау, қалың орман есіңде шығар?*<br>**7.** *Хат жазамын. Келер жылы жазда келемін...* | Ынтымақтастықта жұмыс жасайды. Оқушыларға топтық жұмыс жасату арқылы әңгіменің идеясын негіздейді, Қалидің, Манаптың образдарын өзіндік пікір арқылы жеткізеді. | **Дескриптор**<br>**1.** Манап пен Қалиге мінездеме береді.<br>**2.**Кейіпкерлерге қатысты өзіндік пікір айтады. | Оқулық, суреттер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **8.** *Мереке қарсаңында жасөспірім боксшылардың қалалық біріншілігі өтеді.*<br>**IV.** топ<br>Балалар үйіндегі қызмет-керлермен Қалидің қарым-қатынасы туралы айтады. | | | |
| 5 мин. | **Сабақ-тың соңы. Өмір-мен байла-ныс-тыру.** | Қазіргі қоғамда жетімдер үйі бар ма?<br>Онда кімдер тәрбиеленеді?<br>Жазушының орнында болсаңдар нені өзгертер едіңдер?<br>Жақсы адамның қасиеттерін тізбектейді.<br>(Қабырғада ілулі тұрған адамқасиет-терінің біріне стикер арқылы дауыс береді.) | Оқушыларды мейірімділікке, бауырмалды-лыққа, адам-гершілікке шақыру.<br>(Құндылық-тарға баулу ) | **«Қол соғу» әдісі** | **Қабырғадағы адам бойын-дағы қасиеттер.** |
| **3 мин.** | **Кері байланыс** | **Аяқталмаған төрт сөйлем:**<br>*Бүгін мен ____ білдім.*<br>**___қызықты болды.*<br>**___қиын болды.*<br>**__екенін түсіндім.* | **Оқушылар бүгінгі сабақтан алған әсерлері-мен бөліседі.** | | **Сематикалық кесте толтырады** |





**Ә. Ә. ПІРІМОВА,**
**Абай атындағы**
**№138 орта мектебі.**
Қызылорда облысы,
Қызылорда қаласы,
Абай ауылы

# ТАБИҒАТТЫҢ ҚҰПИЯ СЫРЛАРЫ

*(Сапалық және қатыстық сын есімдер)*

| | |
|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспар-дың тарауы** | 5.9.2 Аспан әлемінің құпиялары |
| **Оқу мақсат-тары** | 5.Т/А 4 Тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау.<br>ӘТН4.1.Жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді және күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану. |
| **Сабақ мақсат-тары** | **Барлық оқушылар орындай алады:**<br>**1.**Берілген мәтіндегі тірек сөздерді табады.<br>**2.**Жетекші сұрақтарға жауап беру арқылы мәтіндегі негізгі ойды анықтайды.<br>**3.**Сапалық және қатыстық сын есімдердің мағынасын түсініп, ажырата алады.<br>**4.**Жұрнақ арқылы жасалған туынды сын есімдермен сөйлемдер құрайды. |

| | |
|---|---|
| | **Оқушылардың көпшілігі орындай алады:**<br>**1.**Мәтіндегі негізгі ойды жылдам анықтауда белсенділік танытады. |
| | **Кейбір оқушылар орындай алады:**<br>**1.** «Үркер жерге түспей, жер қызбайды» амалының мағынасын анықтап, зерттеу парақшасын толтырады. |
| **Бағалау критерий-лері** | **1.**Берілген мәтіндегі тірек сөздерді табады және жетекші сұрақтарға жауап беру арқылы мәтіндегі негізгі ойды анықтайды.<br>**2.**Сапалық және қатыстық сын есімдердің жасалу жолдарын түсінеді және сөйлемдер құрайды. |
| **Тілдік мақсат** | **Оқушылар орындай алады:** Табиғаттың құпия сырларымен танысады.Сапалық және қатыстық сын есімдерді ажырата алады. |
| | **Нақты тақырыпқа арналған сөздік қор мен терминология:**<br>Маусым, табиғат, жұлдыз, ай, тоғысу, амал, үскірік, сүңгі, сапалық, қатыстық сын есімдер, қатыстық сын есім тудыратын жұрнақтар. |
| | **Диалог құруға/мәтін құруға арналған пайдалы тіркестер:** Қара суық, аспан әлемі, дала құстары, «Қызыл жұмыртқа»,Үркердің жерге түсуі. |
| | **Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>**1.**Табиғаттың құпия сырларына қандай құбылыстар жатады? |



| | |
|---|---|
| | **2.** Амал деген не және оған қандай белгілер тән?<br>Сіз неліктен ... екенін айта аласыз ба?<br>Сіз қазақ халқының неліктен аспан әлеміне қатысты болжам жасағанын айта аласыз ба? |
| **Алдыңғы оқу** | Тіршілікке қолайлы ғаламшар. Сын есім. |
| **Пәнаралық байланыс** | Тарих, Жаратылыстану. |
| **Құндылық-тарға баулу** | *Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсу;*<br>*Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау;*<br>*Өмір бойы оқуға дайын болу.* |

**Сабақ жоспары**

| **Жоспарлан-ған уақыт** | **Жоспарланған жаттығулар** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>**7 мин.**<br><br>**2 мин.** | **Ұйымдастыру кезеңі.**<br>**«Мейірімді жүрекпен» тренингі** арқылы жағымды ахуал туғызу.<br>**Үй тапсырмасын сұрау.**<br>Сын есім және оның мағыналық түрлері туралы **«Ыстық орындық» әдісін** пайдаланып,оқушы білімін тиянақтаймын. | |

| | | |
|---|---|---|
| | *1.Сөз таптары дегеніміз не?*<br>*2.Сын есімді қандай мысалдармен түсіндірер едіңіздер?*<br>*3.Сын есімнің басқа сөз таптарынан айырмашылығы неде?* | Қима қағаздар |
| | **ҚБ. «Бағдаршам» әдісімен** оқушылар бірін-бірі бағалау. |  |
| **5 минут** | Сабақтың тақырыбымен, бағалау критерийлерімен оқушыларды таныстыру.<br>Оқушылардың назарын тақтадағы бейнежазбаға аудару арқылы табиғат құбылыстарымен таныстыру. | Бейне-жазба |
| **Сабақтың ортасы 30 мин.**<br><br><br><br><br><br>**6 мин.** | **Оқылым алды тапсырма. «Топтастыру»** стратегиясы арқылы табиғат құбылыстары туралы не білетіндеріңізді жазыңыздар.<br>**1-тапсырма. Оқылым. Айтылым. Топтық жұмыс.** Мәтінді топқа бөліп беремін. Әр топ жыл мезгілдеріндегі табиғат құбылыстарын оқып, толық танысады.<br>**1.**Мәтінді түсініп оқиды.<br>**1-топ.** Қыс мезгіліндегі табиғаттың құпия сырлары. | |



<table>
<tr>
<td>4 мин.<br><br><br><br><br><br><br><br>4 мин.</td>
<td>2-топ. Көктем мезгіліндегі табиғат таңғажайыптары.<br>3-топ. Жаз маусымындағы аспан әлемі.
<table>
<tr><td>Мазмұны</td><td>Жыл мезгілі</td><td>Сын есімдерді жаз</td></tr>
<tr><td>Тірек сөздер</td><td></td><td>Осы мезгілдегі табиғат құбылыстары</td></tr>
</table>
Әр топ тақтаға шығып өз жұмыстарын қорғайды.<br>ҚБ: «Бас бармақ» арқылы бағалайды.<br>Кері байланыс: Мәтін несімен қызықты?<br>2-тапсырма. Айтылым. Топтық жұмыс. «Шеңбердегі доп» әдісі бойынша сұрақтарға ауызша жауап беру.<br>1-топ:<br>1. <u>Есепші</u> деген кім және ол немен айналысқан?<br>2. <u>Үркер жұлдызы</u> қай маусымда “жерге түседі” және ол кезде табиғатта қандай өзгеріс болады?<br>2-топ:<br>1. <u>“Қылау” амалы</u> қашан болады және оның белгілері қандай?<br>2. <u>“Қызыл жұмыртқа”</u> деген тіркес қалай пайда болған?</td>
<td>Плакат, стикер, маркер</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| 6 мин. | **3-топ:**<br>**1.** ***<u>Көктем</u>*** *маусымына тән амал неге “Құралайдың салқыны” деп аталады?*<br>**2.** ***<u>Амал</u>*** *деген не және оған қандай белгілер тән?*<br>**ҚБ: «Екі жұлдыз, бір тілек»**<br>**Кері байланыс:** «3,2,1» арқылы жүргізіледі.<br>***3****-маңызды ақпарат,*<br>***2****- туындаған қиындық,*<br>***1****-ұсыныс жасайды.*<br>Грамматикалық тапсырма бойынша мұғалім түсіндірмесі.<br>**Ой қозғау.**<br>***Аспандағы түнгі көріністерді сын есімдерді қолданып сипаттау.***<br>Мысалы: жұлдызды аспан, түнгі аспан, сәулелі жұлдыз; ашық аспан, жарық жұлдыз, көк аспан, кіші жұлдыз, т.б.<br>*Осы сөз тіркестеріндегі сын есімдердің сапалық және қатыстық сын есім болып бөлінетініне назар аудартамын. Оқушыларға осы сөз тіркестерінен сапалық және қатыстық сын есім ережесін шығартамын.* | <br><br><br>АКТ, слайд<br>Оқулық<br>Оқулық |



| | | |
|---|---|---|
| 5мин. | Сын есімдер **<u>сапалық (негізгі)</u>** және **<u>қатыстық (туынды)</u>** деп екіге бөлінеді. **<u>Сапалық сын есімдер</u>** *негізгі түбір сын есімнің өзінен болып, мағынасы жағынан заттың әр алуан сыр-сипатын тікелей анықтайтын сөздер болып табылады.*<br>Мысалы: жақсы, үлкен, тәтті, жеңіл т.б.<br>**<u>Қатыстық сын есімдер дегеніміз</u>** *– заттың белгісін, сыр-сипатын басқа бір заттың немесе іс-амалдың қатысы арқылы білдіретін сөздер.*<br>**3-тапсырма. Жазылым. Жұптық жұмыс. 1-тапсырма.**<br>Ерекшеленіп берілген сөздердің синонимдерін табыңыздар.<br>**Ә тапсырма.** | |

| | |
|---|---|
| **Қазақ халқы аспан әлемінің құпиясын жақсы білген.** | **Жұмбағын/жауабын** |
| **Жалпы амалдардың саны жиырма төрт.** | **Құбылыстардың/есептердің** |
| **«Тоқырау» бес күнге жалғасатын қатты аязымен ерекшеленеді.** | **Қосылатын/созылатын** |
| **Кеш батқанша қар қылаулайды.** | **Жұқалаң қар ұшқындайды/Қар күйып жауып тұр.** |
| **Халқымызда «Үркер жерге түспей, жер қызбайды» деген сөз бар.** | **Жылынбайды/көктемейді.** |

**ҚБ: «Мадақтау сэндвичі» әдісі**

<table>
<tr>
<td>5 мин.</td>
<td>Кері байланыс: «Ашық микрофон» әдісі арқылы сұрақтар қоямын.<br>Ерекшеленіп берілген сөздердің синонимдерін табу қиын болды ма?<br>Жеке жұмыс. Кеңейтілген тапсырмалар.<br>1-тапсырма. Сапалық, қатыстық сын есімдерді қолдана отырып, сөйлемді толықтыр.<br>1. Қазақ халқы аспан әлемінің жұмбағын ... .<br>2.Тоқырау бес күнге жалғасатын ... .<br>3. Қазақ халқының аспан денелеріне қатысты болжамдары ...<br>4. Аспан әлемі құпия сырларымен ... .<br>2-тапсырма. Сұрақтарға нақты жауап жаз.
<table>
<tr><th>Сұрақтар</th><th>Сіздің жауабыңыз</th></tr>
<tr><td>Амалдарды іштей қалай бөлуге болады?</td><td></td></tr>
<tr><td>Аспан әлеміндегі құпияларды халық қалай анықтаған?</td><td></td></tr>
<tr><td>Аспан әлеміндегі құбылыстар неліктен қызықты?</td><td></td></tr>
<tr><td>Сен үшін тақырыптың ең қызықты тұсы қайсы?</td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td><br></td>
</tr>
</table>



<table>
<tr>
<td></td>
<td>3-тапсырма. «Үркер жерге түспей, жер қызбайды» сөзінің мағынасын ашып, 30 сөзден тұратын мәтін құра.<br>ҚБ: Мұғалім мадақтауы.</td>
<td>Тапсырмалар жинағы<br></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы<br>3 мин.<br><br>2 мин.</td>
<td>Кері байланыс:<br>«Идея себеті» әдісі<br>«Бүгінгі сабақтан нені білдім, нені танимын, нені ажырата аламын, не ұнады және нені әлі де білуім керек?» деген сұрақтарға бір сөйлеммен қаламды жүгірте отырып, сабақты қорытындылау.</td>
<td>Стикер, қалам</td>
</tr>
<tr>
<td>1 мин.</td>
<td>Үйге тапсырма:<br>Барлық оқушылар:<br>Сапалық және қатыстық сын есімдерге 5 сөйлемнен жазып келу.<br>Кейбір оқушыларға:<br>Аспан денелері туралы айтылған шығармалардың аттарын жазу.<br>Аспан денелері туралы таныстырылым дайындау.</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td colspan="3" align="center">Қосымша ақпарат:</td>
</tr>
</table>

| **Саралау.** Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? | **Бағалау** | **Қауіпсіздік және еңбекті қорғау Ережелері. АКТ-мен байланыс.** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жопарлайсыз? | | |
| | 1 | |

| Рефлексия | |
|---|---|
| ***1.Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма?*** | |
| ***2.Бүгін оқушылар не үйренді?*** | |
| ***3.Сабақ қалай өтті, қандай деңгейде өтті?*** | |
| ***4.Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма?(тапсырмалар сәйкес болды ма?)*** | |
| ***5.Уақытты қалай пайдаландым?*** | |
| ***6.Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге?*** | |

**Қорытынды бағалау**

Қандай екі нәрсе ойдағыдай сәтті шықты (оқытуды да,оқуды да есепке алыңыз.)

Қандай екі нәрсені жетілдіру сабақты жақсартар еді? (оқытуды да, оқуды да есепке алыңыз.)

1. Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар жөнінде келесі сабағыма қажет болуы мүмкін қандай ақпарат білдім?



**Н. Г. МУХАНГАЛИЕВ,**
**М.Мирманов атындағы жалпы**
**орта білім беретін мектеп.**
Батыс Қазақстан облысы,
Жаңақала ауданы,
Бірлік ауылы

# ГЕНДІК ӨЗГЕРІСКЕ ҰШЫРАҒАН ТАҒАМДАР

| | |
|---|---|
| **Сабақта іске асатын оқу мақсаты (оқу бағдаралама-сынан сілтеме)** | О5.Мәтін бойынша сұрақтар құрастыра білу<br>ӘТН2.Орфоэпиялық норма. Сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану. |
| **Сабақтың мақсаты** | 7.О5.Мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру.<br>7.ӘТН2.Сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану. |
| **Бағалау критерийі** | * Проблемалық сұрақтар құрастыра біледі.<br>* Ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата біледі.<br>* Сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолданады. |
| **Тілдік мақсаттар** | Гендік модификация, биотехнологиялық, ұшыраған тағамдар, трансгенді өнімдер. |

| | | |
|---|---|---|
| **Құндылықтар** | *Өмір бойы білім алу;<br>*Ынтымақтастық;<br>*Азаматтық жауапкершілік. | |
| **Жаһандық азаматтыққа тәрбиелеу** | **Жаһандық байланыс.**<br>Ең алғаш трансгенді өнімдерді шығаруды 80-жылдары Американың әскери қорғаныс күштеріне бағынышты Монсанто компаниясы қолға алған екен. Трансгенді дақылдарды өсірудің және әлемге таратудың басты жарнамашысы – Америка. Сөйте тұра, АҚШ-тың ауыл шаруашылығы министрлігі өз елінде ГМ-күріштің сортын егуге тыйым салған. Тіпті қазіргі кезде егіліп қойған ГМ-күрішті толықтай жою керек деп бұйрық шығарған. | |
| **АКТ дағдысын қолдану** | Интербелсенді тақта аудиовизуалды материалды демонстрациялауға қолданылады. | |
| **Өмірмен байланыс** | Оқушыларға дұрыс тамақтану тәртібін ұғындыру. | |
| **Пәнаралық байланыс** | Биология, химия, қоғам | |
| **Алдыңғы білім** | | |
| **Сабақ барысы** | | |



| **Жоспарланған кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекеттер** | **Дерек-көздер** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>**5 мин.** | Оқушылармен амандасу, оларды түгендеу, дәптерлеріне бүгінгі күнді жазғызу.<br>**Топқа бөліну.**<br>Оқушыларға мақал мәтелдердің құрамындағы сөздер таратылады. Солардан бір мақал-мәтел құрастыру керек. Құрастырылған мақал-мәтел бойынша топ болып бөлінеді. Мағынасын ашады.<br>**«Жер асыңнан, жемес асың көп болсын»,**<br>**«Жақсы ас қалғанша, жаман қарын жарылсын»,**<br>**«Аштықта жеген құйқаның дәмі ауыздан кетпес»**<br>*Сабақтың тақырыбы, мақсаты хабарланады.*<br>*Күтілетін нәтижелер белгіленеді.* | Слайд |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақ-тың ортасы 37 мин.** | **Мағынаны тану кезеңі.**<br>**1-тапсырма.**<br>**«Гендік модификацияланған өнім» тіркесін топтастырыңыз.**<br>**Тыңдалым.** Бейнебаян көрсету.<br>**Ойларын сұрау.**<br>**Оқылым мәтіні. Топ алдында қорғайды.**<br>**1-топ.** *Гендік модификация дегеніміз не?*<br>**2-топ.** *Біз кімге айналып бара жатырмыз?*<br>**3-топ.** *Қияр неге қауындай, шие неге қызанақтай?..*<br>**2-тапсырма. Жеке жұмыс:** Оқушылар топпен жұмыстарын сынып алдында қорғағаннан кейін, жеке **«INSERT» әдісі** бойынша кестені толтырады.<br><table><tr><td>**Мен мәтіндегі мәселе жайлы не білемін?**</td><td>**Мен ол туралы тағы не оқып білуім қажет?**</td><td>**Мен нені білдім?**</td></tr></table>**3-тапсырма. «Бос микрафон» тәсілі.** Топтар микрафонға гендік өнімнің екі пайдалы және екі зиянды тұсын айтады.Ойын дәлелдер келтіре отырып жеткізеді. Оқушылар өз пікірлерін білдіруде логикалық екпінді түсініп, дұрыс қолданады.<br>**АА+ *Оқушы интонация, кідіріс, логикалық екпін дегеніміз не?*** Анықтамасын береді. | Слайд |



| | | |
|---|---|---|
| | **Кейбір оқушыларға сараланған тапсырмалар беріледі**<br><br>**4-тапсырма. Қалыптастырушы бағалау.**<br>**Тапсырма. Топтық жұмыс.**<br>Гендік тұрғыда өзгеріске ұшыраған өнімдер туралы айтқанда, әлем ғалымдарының да, қоғамның да пікірі екіге жарылады. Біреулер бұл адамзат үшін өте қажет десе, келесілері олардың адам денсаулығына зияндығын алға тартады. ГМО өнімдер жақтаушылар бұндай өнімдерін шығару адамзатты аштықтан құтқаратын бірден-бір жол деп тұжырымдайды. Өйткені тағы 40-50 жылдан кейін Жер бетіндегі тұрғындардың саны 11 миллиардқа дейін жетуі мүмкін. Яғни ауыл шаруашылық өнімдеріне деген сұраныс та артады. Бұл мәселені ГМО арқылы бірден шешуге болады. Ал қарсыластары оның адам денсаулығына әсері толықтай зерттелмегенін алға тартады. Қалай десек те, гендік тұрғыда өзгерген өнімдер адамзат өміріне дендеп еніп келеді. Бір мемлекеттер оларды шығаруға, таратуға заңмен қатаң тыйым салса, кейбір елдерде рұқсат берілген. | |

Мәселен, қазіргі кезде Ресей Думасы ГМО өнімдерін елге кіргізуге тыйым салу туралы заң жобасын талқылап жатыр. Яғни бұл саланы мемлекеттік тұрғыда бақылауды қолға алмақ. Ал Қазақстанда бірнеше жылдан бері олардың пайдасы мен зияны туралы қанша рет талқыланса да, мәселе ашық күйінде қалып отыр. Өйткені нақты сүбелі зерттеу жұмыстары жүргізілмеген. Ал азық-түлік өнімдерінің басым бөлігі шеттен келетіндіктен, сарапшылар Қазақстан дүкендерінде де құрамында гендік тұрғыда өзгеріске ұшыраған компоненттері бар азық-түліктер дүкен сөрелеріне түсе бастағандығын айтады. Дегенмен, ел Президенті биылғы жолдауында агросекторды дамыту мәселесіне тоқтала келіп, ГМО өнімдерінен қорқудың еш қажеттілігі жоқ деп тұжырымдады. Алайда, Қазақстанда әлі күнге ГМО өнімдеріне қатысты заңдық негіз қалыптаспады. Тек 2010 жылы «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы» ҚР заңы күшіне еніп, сол жерде бір-екі ауыз айтылады.

**Тапсырма.** Мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрайды.Ол үшін **«FILA» кестесін** толтыруға ұсынуға болады.



| Facts (мәтіндегі фактілер) | Ideas (мәтіннің идеясы) | Learning issues (сұрақтар) | Action plan (әрекет жоспары) |
|---|---|---|---|
| | | | |

**Слайд**

**Кері байланыс.**
**Топтық бағалау.**
**Жаһандық байланыс.**

**Слайд**

Ең алғаш трансгенді өнімдерді шығаруды 80-жылдары Американың әскери қорғаныс күштеріне бағынышты Монсанто компаниясы қолға алған екен. Трансгенді дақылдарды өсірудің және әлемге таратудың басты жарнамашысы – Америка. Сөйте тұра, АҚШ-тың ауыл шаруашылығы министрлігі өз елінде ГМ-күріштің сортын егуге тыйым салған. Тіпті қазіргі кезде егіліп қойған ГМ-күрішті толықтай жою керек деп бұйрық шығарған.

**http: //massa-get.kz /blogs /10849/**

| Бағалау критерийі | Тапсырма № | Дескриптор<br>Оқушы |
|---|---|---|
| Мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру.<br>Сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану. | 1<br><br>2 | **Тақырыпқа сәйкес тіркесті топтастырады.**<br><br>**Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді;** |
| | 3 | **Ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата біледі;** |
| | 3 | **Өз пікірлерін білдіруде логикалық екпінді түсініп, дұрыс қолданады;** |

**http: //massa-get.kz /blogs /10849/**

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың аяғы 3 мин.** | **Рефлексия «WhatsApp» желісіндегі 7-сынып оқушылары тобы арқылы кері байланыс беру. МЕН БҮГІНГІ САБАҚТАН НЕ ҮЙРЕНДІМ?** | **Слайд** |

**А.К. МАЙТАНОВА,**
**№167 жалпы білім**
**беретін мектеп.**
Алматы қаласы

# ТІЛДІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР ТАЛАПТАРЫ

| | |
|---|---|
| **Осы сабақты меңгеруде қол жеткізетін оқу мақсаты** | Ж.5.1. Берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құру.<br>ӘТ.Н.5.5. Төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің тыныс белгілерін дұрыс қолдану. |
| **Құндылық-тарды игеру** | Зайырлы қоғам руханият |
| **Сабақтың мақсаты** | **Барлық оқушы орындай алады.** Мәтіндегі негізгі ойды анықтай алады, негізгі ақпаратты табады. Мәтіннің мазмұнын айта алады. |
| | **Оқушылардың көпшілігі орындай алады.** Мәтіннен тірек сөздерді тауып, сұраққа жауап береді. Мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды. |
| | **Кейбір оқушылар орындай алады.**<br>Жоспар құру, төл сөз бен автор сөзінің айырмашылықтарын айту, ойтолғау (пікір) жазу. |
| **Тілдік мақсаттар** | Сөйлеу мәдениеті, тілдік қарым-қатынас, сөйлеу әдептілігі. |



| | |
|---|---|
| **Ойлау деңгейлері** | Түсіну, білу, талдау, қолдану. |
| **Пән-аралық байланыс** | Әдебиет |
| **Алдыңғы оқу немесе бастапқы білім** | **«Джинго-1» ойыны (сұрақ-жауап) арқылы.**<br>**1.** *«Тіл – қарым-қатынас құралы» – дегенді қалай түсінесіңдер?*<br>**2.** *Сөйлеу неше формада жүзеге асады?*<br>**3.** *Ауызекі сөйлеуге қатысты мәтіндер қандай?*<br>**4.** *Кездесудегі амандасу, кетердегі қоштасу, қуаныш сәттердегі құттықтау әдебін білесің бе?* |
| 5-тапсырманы оқып, талдау | |

| **Кезеңдер/ уақыты** | **Жоспарланған жаттығу түрлері** | **Көрнекі-ліктер** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **1. Ұйымдастыру кезеңі.** Оқушыларды түгендеу, зейінін сабаққа аудару.<br>**2. Психологиялық ахуал.** «Шаттық шеңберін» құрады. Түрлі түсті шарлар арқылы топқа бөлу. | Түрлі түсті қағаздар, оқулық, стикер. |
| **Сабақтың ортасы** | **І-топ; ІІ топ.**<br>**Тілдік қарым-қатынас талаптары.**<br>**1.** *Тілдік қарым-қатынас ережелері туралы не білесіңдер?* | **“Қол шапа-лақтау” әдісі** бойынша. |

| | | |
|---|---|---|
| | *Қарым-қатынас дегенді қалай түсінесіңдер? Үндестік заңы дегеніміз не және қанша түрі бар? Төл сөз және автор сөзі дегеніміз не?*<br>**6-тапсырма.**<br>**І-топ.** *Мәтінді оқып шығу, мазмұнын айту. Негізгі идеясын табу.*<br>**ІІ-топ.** *Мәтінді құрлымына қарай бөлу. Кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөліміне бөлу. Төл және автор сөзін табу.*<br>**Дескриптор:**<br>**І-топ.** *Мәтінді оқып шықты, мазмұнын айтты, негізгі идеясын тапты.*<br>**ІІ-топ.** *Мәтінді құрлымына қарай бөлді, төл сөз бен автор сөзін ажыратты.*<br>**7-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.**<br>**І, ІІ-топқа жалпы тапсырма.**<br>**8-тапсырма. Жазылым.**<br>*Керекті сөздер мен сөз тіркестерін тауып, орына қой. Айтылған ойдың мәнін түсіндір.*<br>**Дескриптор:**<br>*Екі топта керекті сөздерді тауып қойып, ойдың мәнін түсіндірді.* | **Кері байланыс «Қол шапалақтау» әдісі арқылы бағалау. Смайликтер-мен бағалау** |



| | | |
|---|---|---|
| | **Сергіту сәті:**<br>**Тапсырма. «Сандықша ойыны»**<br>*Сандықшадағы сөздерді пайдаланып, мәтін құрастыр..*<br>**Сандық ішіндегі сөздер:**<br>*Сәлемдесу, сыйластық, қонақжайлылық, отбасы құндылықтары, отбасындағы тәрбие, үлкенді сыйлау, туыстық қарым-қатынас, қонақ күту, адамгершілік қасиеттер.*<br>**Дескриптор.**<br>*-берілген сөздерді қатыстырып, мәтін құрастырды.*<br>*- ережелерді ескерді.*<br>**«Ыстық орындық» әдісі**<br>*(Бір оқушы алдыңғы жақта, орындықтар оны айнала қоршай орналастырады.)*<br><br>**Жаттығу сипаттамасы:**<br>Бір оқушы алға шығып өз пікірін айтып және тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. | **Екі жұлдыз, бір тілек.**<br><br>**Оқулық, қабырғаға ілінген ватмандар, түрлі-түсіті маркерлер.**<br><br>**«Ыстық орындық»** әдісі, сұрақтар, орындық. |

| | | |
|---|---|---|
| | Сұрақты анағұрлым мазмұнды қылу үшін, оқушылар белгілі бір пікір бойынша бірлесіп алға шығып, сөйлей алады.<br><br>**Топтастыру.**<br>**Тілдік қарым-қатынас талаптары**<br>**Ойтолғау:**<br>**“Өнер алды – қызыл тіл”.**<br>*Эссе жазу.* | Графикалық органайзер: «Балық қаңқасы диаграммасы» |
| **Сабақтың соңы** | **Рефлексия**<br>**Не білдім?** \| **Не білемін?** \| **Не білгім келеді?**<br>Алма ағаштарына стикер арқылы жазбаша түрде жазады, ағашқа іледі. | |

| | |
|---|---|
| **Үйге тапсырма** | 9-тапсырма |
| **Қосымша ақпарат** | Үндестік заңын оқып (ереже жаттау) келу. |
| **Саралау** | 1.Мәтін бойынша түсінгеніңді өз сөзімен баянда.<br>2.Тірек сөздерді дәптеріңе жаз.<br>3.Сұрақтарға жауап бер. |



**Э. Е.ҚАЛБЕРГЕНОВА,**
**Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**
**ҚР Білім беру ісінің үздігі**
**№40 орта мектеп.**
Алматы қаласы

# КӨЛІК ЖӘНЕ ЖОЛ БЕЛГІЛЕРІ

(*Қысқа мерзімді сабақ жоспары)*

| | |
|---|---|
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары 5.Т/А5.** | Тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру. |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар орындай алады:** Тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап береді, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіреді. |
| | **Оқушылардың көпшілігі орындай алады:** Тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы мәтіннің негізгі ойын жүйелі жеткізе алады, жол белгілерін ажырата алады, мағынасын түсінеді. |
| | **Кейбір оқушылар орындай алады:** Көтерілген мәселе бойынша өз көзқарасын дәлелдейді,пікірлерін білдіреді, баға береді. |

| | |
|---|---|
| **Бағалау критерийі** | Мәтін мазмұны негізінде қойылған сұрақтарға жауап береді.<br>Өзекті мәселелер бойынша өз ойын дәлелдермен жеткізеді. |
| **Құндылықтар** | Денсаулық және қауіпсіздікті сақтау мақсатында жол ережесіне, тәртіпке бағынуға баулу. |
| **Пәнаралық байланыс** | **Дүниетану.** Автокөліктердің адам өміріне келтіретін пайдасы мен зияны<br>**ЖЖЕ.** Бағдаршамның шығу тарихы жайлы мәлімет алады<br>**Бейнелеу өнері.** Жол белгісінің суретін салады |
| **Алдыңғы оқу** | Жиекжол, ескерту белгісі, басымдылық белгісі, тыйым салу белгісі, міндеттеу белгісі, ақпараттық көрсеткіш белгісі, қызмет көрсету белгісі туралы біледі. |

**Жоспар**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Басы**<br>**5 минут** | **1.Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу,** зейіндерін шоғырландыру. Шаттық шеңберіне жиналып, бүгінгі күнге сәттілік тілейді.<br>**2. Топқа бөлу.** Әр топқа бір шумақты жұмбақтар үлестіріледі. Ал балалар бағдаршамның үш түсті дөңгелектері төңкеріліп қойылған үстел жанына келіп, бір-бірден алады. Өзі алған түс қай жұмбақтың шешуіне сәйкес келеді, сол топқа барады.<br>**1-топ. Қызылдар**<br>*Мен көзімді ашқанда,*<br>*Ешқашан да баспа алға.*<br>*Орныңда тұр қозғалма,*<br>*Ереже бұл «Сен тоқта!»*<br>**2-топ. Сарылар**<br>*Мен көзімді ашқанда,*<br>*Қарап қалма аспанға.*<br>*Жүруге әлі болмайды*<br>*Дайындықты сақтайды.*<br>**3-топ. Жасылдар**<br>*Мен көзімді ашқанда,*<br>*Көліктер саған тоқтайды.*<br>*Ережені білгендер*<br>*Өтуге еш қорықпайды.* | Түрлі түсті дөңгелектер<br><br>А4 өлшемді қағазына жазылған жұмбақтар |
| **Ортасы**<br>**35 минут** | **1-тапсырма. С. АКТ**<br>**Бейнеролик арқылы тақырыпты болжау.** Яғни бейне- көріністер арқылы онда не көргенін оқушылардан сұрау. **«Блумның сұрақ қою өлшемі» стратегиясы**<br>**2-тапсырма Ж.** Мәтінді белгіленген уақыт ішінде оқиды. Егжей-тегжейлі (сканерлеп) оқу. | |

| | | |
|---|---|---|
| | **3-тапсырма. ТЖ.«Айналмалы бекеттер» стратегиясы** арқылы сұрақтар дайындап келесі топқа ұсынады. Ол топ жауаптарын дәлелдеп айту керек. (сұрақты өздері әзірлейді)<br>**Көшенің тәртібін кімдер қадағалайды?*<br>** Алғашқы бағдаршам қашан және қай жерде пайда болған?*<br>**Электрлі бағдаршам қайда пайда болған?*<br>**Ал бүгінгі таңда бағдаршам қалай жүзеге асырылған?*<br>**4-тапсырма. Сараланған тапсырмалар.** *(Балаларға фигураларды үлестіремін. Олар интербелсенді тақтадан өзіне берілген фигураның тұсында тұрған тапсырманы орындайды.)*<br>**1-деңгей.** Мәтіндегі жол белгілерін семантикалық картаға түсіреді.<br>**2-деңгей.** Өздерің жақсы білетін жол белгілерін сын есімді қатыстырып сипаттап жазыңдар. | https://www.youtube.com/watch?v=VI9VVZ-eAdc Жол белгілері. Көңілді көліктер. Мәтін.<br><br>https://www.youtube.com/watch?v=ncvVLSvBpyo Бағдаршам<br><br>Семантикалық карта |



| | | |
|---|---|---|
| | **3-деңгей.** Бүгінгі күні Қазақстанда сан түрлі маркалы автомобильдер өте көп. Олардың адам өміріне келтіретін зияны мен пайдасы жайлы ойларыңды айтыңдар.<br><br>* **Сергіту сәті.** Суреттегі жол белгілерін сөйлетіп көр. Олар нені білдіреді?<br>Жол белгілерінің суретін көрсетіп, сурет бойынша сөйлетемін.<br><br>**5. С. Шығармашылық тапсырма.** Оқушылардың өздеріне жаңа жол белгілерін ойлап табуды тапсыруға болады. Және оқушылар өздерінің ұсынған белгі нені білдіретінін, не үшін қажет екенін дәлелдейді.<br>**Тағы да қандай жол белгілері керек деп ойлайсың?*<br>**Ойланып, өзің жаңа жол белгілерін ұсынып көр.* | Интербелсенді тақтадан жол белгілері көрсетіледі.<br><br>Оқушылар өздері ойлап тапқан жол белгісінің суреті |

| | | |
|---|---|---|
| **Соңы 5 минут** | **«Зуылдақ» стратегиясы.** Оқушылар кезек бойынша 1 минут ішінде сабақ тақырыбы бойынша тоқтаусыз, қайталаусыз, қатесіз сөйлейді. **Үйге тапсырма: «Жол тәртібін жадыңда ұста» эссе жазу** | |

| Қосымша ақпарат | | |
|---|---|---|
| **Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыға қандай тапсырмалар бересіз?** | **Бағалау - Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?** | **Пәнаралық байланыс Денсаулық және қауіпсіздік АКТ мен байланыс Құндылықтармен байланыс тәрбие элементі** |
| **4-тапсырма. Саралап оқыту 1-деңгей.** Суретте бейнеленген жол белгілері мәтінде айтылған қай белгілермен сәйкес келеді? **2-деңгей.** Мәтіндегі жол белгілерін семантикалық картаға түсіреді. **3-деңгей.** Бүгінгі күні Қазақстанда сан түрлі маркалы автомобильдер өте көп. Олардың адам өміріне келтіретін зияны мен пайдасы жайлы ойларыңды айтыңдар. | | **АКТ. Жол белгілері. Көңілді көліктер. https://www.youtube.com/watch?v=ncvVLSvBpyo Бағдаршам.** **Дүниетану.** Автокөліктердің адам өміріне келтіретін пайдасы мен зияны. **ЖЖЕ.** Бағдаршамның шығу тарихы жайлы мәлімет алады. |



| | |
|---|---|
| **Рефлексия Сабақ мақсаттары немесе оқу мақсаттары шынайы, қолжетімді болды ма? Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса неліктен деп ойлайсыз? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма және неліктен?** | Бұл тарауды сабақ туралы рефлексия жасау үшін пайдаланыңыз. Сол бағандағы өзіңіз маңызды деп санайтын сұрақтарға жауап беріңіз. |

| | |
|---|---|
| | Сабақ мақсаттары мен оқу мақсаттары шынайы, қолжетімді болды. Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді. Сабақта саралау дұрыс жүргізілді. Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландым. |

**Жалпы бағалау**

**Ең жақсы өткен екі нәрсе оқыту мен оқуға қатысты**

**1.«Айналмалы бекеттер»** стратегиясы арқылы сұрақтар дайындап келесі топқа ұсынаы. Ол топ жауаптарын дәлелдеп айтты.

**2.Шығармашылық тапсырма.**

Оқушылардың өздеріне жаңа жол белгілерін ойлап табу тапсырылды.Және оқушылар өздері ұсынған белгі нені білдіретінін, не үшін қажет екенін дәлелдеді.

Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді? (оқыту мен оқуға қатысты)

**1.** Барынша қолдау көрсететін оқушыларға ұсынылған тапсырманы күрделендіру керек.

**2.** Кейбір оқушылар тақырыпты түсініп, сұрақтарға жауап беруде, талқылау кезінде өз ойын жеткізуде қиналатыны байқалды.

Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері, қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі **сабақтарда не нәрсеге назар аудару керек?**

**1.** Осы сабақтың барысында оқушылар шығармашылық тапсырмаларды асқан қызығушылықпен орындайтыны байқалды.

**2.**Оқушылардың тілін, жүйелі сөйлеу дағдысын дамыту керек.



| **Оқу мақсаты** | **Ойлау деңгейі** | **Бағалау критерийі** | **Тапсырма** | **Дескриптор** |
|---|---|---|---|---|
| **5.Т/А5 Тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру.** | **Білу<br>Түсіну** | **Көрсетілген бейнеролик бойынша түсінгенін айтады, сұрақтарға жауап береді.** | **1-тапсырма** | **1.**Тақырыпқа қатысты мәселені анықтайды.<br>**2.**Қойылған сұрақтарға жауап береді. |
| | **Қолдану** | **Тыңдалған мәтін мазмұнын түсінеді, айта алады.** | **2-тапсырма** | **1.** Тыңдалған мәтіндегі негізгі ойды түсінеді, айта алады.<br>**2.** Мәтіндегі негізгі, қосымша ақпараттарды ажыратады. |
| | **Талдау** | **Мәтін бойынша сұрақтар құрастырады.** | **3-тапсырма** | **1.**Тыңдалған мәтін негізінде сұрақтар құрастырады.<br>**2.**Сұрақтарға жауап береді. |
| | | **Суреттегі жол белгілерін мәтіндегі жол белгілерімен сәйкестендіріп толтырып, өз ойын білдіреді.** | **4-тапсырма** | **1.**Жол белгілерінің мағынасын түсінеді.<br>**2.**Көтерілген мәселе бойынша өз көзқарасын дәлелдейді, пікірін білдіреді, баға береді. |
| | | **Жол белгісін ойлап тауып, мағынасын айтып, өз пікірін дәлелдейді.** | **5-тапсырма** | **1.**Жаңа жол белгісін ойлап табады, нені білдіретінін айтады.<br>**2.**Өзі ойлап тапқан белгі не үшін қажет екенін дәлелдейді. |

**П.А. НҰРАХУНОВА,**
**П.Вихрев атындағы**
**орта мектебінің**
**қазақ тілі мен әдебиетінің**
**мұғалімі.**
Алматы облысы,
Еңбекшіқазақ ауданы,
Шелек ауылы

# СӨЗ БАЙЛЫҒЫ

**Мақсаты:**

**1.** Қазақ тілінің сөз байлығының ерекшеліктерін анықтау. Қазақ тілінің сөз байлығы жағынан өзге тілдерден озықтығын дәлелді түрде сараптау.

**2.** Оралымды тілге қойылар талаптарды, сөз мағынасының қыр-сырын, сөздердің ойға қосар реңктерін ашу.

**3.** Аталмыш коммуникациялық сапаның шынайы құбылыс екендігіне көз жеткізу.

**Түрі:** Сыныптан тыс іс-шара

**Пәнаралық байланыс:** Қазақ әдебиеті

**Көрнекілігі:** Кесте карталары, суреттер, сызбалар

**Барысы:**

**І. Мұғалімнің сөзі:**

– *Құрметті ұстаздар, оқушылар, армысыздар! Бүгін біз қазақ тілінің сөз байлығын қарастырып, 10-11 сынып*



*оқушыларының қатысуымен «Сөз байлығы» тақырыбында дөңгелек үстел өткіземіз.*

**Қатысушы оқушылар:**

**10а:**

**Алиев Роман, Саттарова Мадина;**

**10б:**

**Джилилова Мадина, Касым Мастурам;**

**11а:**

**Имерлаева Зумрат, Исмаилов Дильшат;**

**11б:**

**Мирзаев Ильяр, Марупова Зухра.**

**Жүргізуші:**

*Сөз байлығы – оралымды тілге қойылар талаптың бірі. Айтушының сөзі тыңдарман қауымға тартымды болуы үшін сөз байлығы жақсы, сөздік қоры мол болуы тиіс. Адамдар сөйлегенде бос қайталауларға бой алдырып, сөз жұтаңдығын танытады, тілдің коммуникациялық сапасын күрт төмендетіп жібереді. Әрбір айтылған сөздің салмақты болғаны жөн. Құр бос ауаға айтылған сөздің еш қадірі жоқ. Ол айтушының сөз байлығының төмендігін көрсетеді. Әдемі сөйлеуді, дұрыс сөйлеуді тіл мәдениетін үйрену арқылы*

*жетілдіруге болады. Сөздік қорын молайту үшін кітапты көбірек оқу керек, аса көрнекті қаламгерлерден, тіл нақышы келісті сөз зергерлерінен үйрену керек.*

**II. Дөңгелек үстелге қатысушыларға сөз кезегі беріледі.**

**1.** *Әр халықтың ұлт дәрежесіндегі тілі түрлі жолдармен қалыптасқан. Мәселен, қазіргі ағылшын, неміс, француз, итальян тілдеріндегі сөздердің көпшілігінің түп төркіні латын тілінен қалыптасуы немесе орыстың ұлт тілі Мәскеу аймағы тұрғындарының сөйлеу тілі негізінде дамуы сияқты дереккөздер ұлт тілінің ел тарихымен тағдырлас болуының дәлелі. Дәстүрлі мәдениет, тіл, дін және ақындар мен жыраулардың өсиеттері, шешендердің, батырлар мен билердің тапқырлығы мен танымдық қасиеттерінің мәні неде? Олар бүгінгі күні ақылды, ізгілікті, мейірімді, түрлі іске қабілетті тұлғаларды қалыптастыратынымен қасиетті болатыны белгілі.*

**2.Мәтіннен алынған үзіндіге талдау жүргізу.**



*Бір күні студент кезімде, Алматыда, Максим Горький көшесіндегі универмагтан плащ алғалы барып, күтпеген жерден ауылдың екі адамына кездесіп қалдым.Сәлемдесіп болғаннан соң сөзуар, пысықтау біреуі:*

*- Е, шырағым, өлмейтін өмір, сынбайтын темір жоқ. Әжеңді атандырдың бұл өмірден. Жасын өзіңе берсін, — дегенде, қойныма жылан кіріп кеткендей денем суып сала берді.*

*Не дерімді білмей сәл кідірдім де, теріс айналып шыға жөнелдім. Аяқ астынан естіген оқыс суық хабарға нанарымды, нанбасымды білмей жатақханаға жетсем, жолдастарым да әдеттегідей емес, тіпті төреше қарсы алып жатыр. Мәселенің растығына көзім жетті. Ішім езіліп барады. Сылқ етіп төсегіме құладым да, жастықты қаба тістеп, егіле бердім, егіле бердім.*

**3.Мақалдың жалғасын табу**

**1.** *Оқу білім бұлағы..... (білім өмір шырағы)*

**2.** *Жаңбыр бір жауса,.... (терек екі жауады)*

**3.** *Өнерлінің қолы алтын,.... (өлеңшінің сөзі алтын)*

**4.** *Атаңның баласы болма,.. (адамның баласы*

*бол)*

**5.** *Көп жасаған білмейді....../көп көрген біледі/*

**6.** *Қыз өссе елдің көркі,... (гүл өссе жердің көркі)*

**7.** *Жері байдың... (елі бай)*

**8.** *Досы көпті жау алмайды.... /ақылы көпті дау алмайды/*

**9.***Жауға жаныңды берсең де...... /сырыңды берме/*

**10.** *Өз білмегеніңді кісіден сұра.... /кісі болмаса, кішіден сұра/*

**4. Орыс тіліне аудару**

**1.** *Кто молоко украл – тот спасся,*
*Кто чашку облизал – попался.*

**2.** *Две головы бараных целиком,*
*Не умещаются в котле одном.*

**3.** *В родной долине лучше прахом быть,*
*Чем на чужбине падисшахом быть.*

**4.** *Даже мышка, что жива,*
*Лучше мёртвого льва.*

**5. Жұмбақ шешуін 3 тілде айту**

*Білімнің дәнін тереді,*
*Балаға тәлім береді.*

***/Ұстаз-учитель-teacher /***



*Отыз екі батыр,*
*Екіге бөлініп жатыр.*

***/ тіс – зубы - tooth /***

*Көктемде ақ гүлге оранады,*
*Күзде қолға доп болып оралады.*

***/ алма – яблоки – apple /***

*Жылт-жылт етеді,*
*Жылғадан өтеді.*

***/ су – вода - water /***

**6. Қажетті санды қойып, толықтырып айту.**

**1.** *Анаңды... рет Меккеге арқалап апарсаң да, қарызынан құтыла алмайсың.*

**2.** *Жақсы әке жаман балаға... жыл азық.*

**3.**... *атасын білмеген жетесіз.*

**4.** *Жігіттің... жұрты болады.*

**5.** *Қыздың... жаны болады.*

**III. Қорытынды бөлімі.**

**А.ЖАРКИМБАЕВА,**
**№9 орта мектебі.**
Шығыс Қазақстан облысы,
Семей қаласы

# МЕНІҢ ОТБАСЫМ

| | |
|---|---|
| **Сабақ негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)** | Т1.2 Күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздердің мағынасын түсіну.<br>А1.2.2.1 Сурет бойынша 2-3 сөйлем құрастыру.<br>А1.2.4.1 Қарапайым оқиғаларды мазмұндау.<br>О1.3.1.1 Таныс сөздерді тұтас оқу. |
| **Сабақ мақсаттары**<br>Snippet_31182FD32.idms | **Барлық оқушылар:**<br>-жаңа сөздердің мағынасы мен айтылуын түсінеді.<br>-түсінгенін пікір, сұрақ немесе қимыл арқылы білдіреді.<br>-зейін қойып оқиды.<br>-диалогке қатысады. |
| | **Оқушылардың басым бөлігі:**<br>-Түрлі құрылымдағы мәтіндерді түсінеді.<br>-Таныс сөздерді буынға бөліп оқиды және мағынасын түсінеді.<br>-Таныс сөздерді қолданады, сұрақ қояды, сұраққа жауап береді. |
| | **Кейбір оқушылар:**<br>-Тыңдалған мәтіндер бойынша |



| | | |
|---|---|---|
| | сұрақтар құрастырып, орынды жауап береді.<br>-Зейін қойып оқиды.<br>-Суретке сәйкес жай сөйлемдер құрайды. | |
| **Тілдік мақсат** | **Оқушылар:** Сөздердің мағынасын түсінеді, ауызекі тілде қолданады; сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап құрастырады.<br><br>**Негізгі сөздер мен тіркестер:**<br>**Тақырыпқа байланысты жаңа сөздер мен сөз тіркестер:** *ана, әке, әже, ата, әпке, аға, тәте, іні. Менің әжем; ол мейірімді; апайым бар; ағамның бойы ұзын т.б.*<br>**Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер:**<br>**Талқылауға арналған тармақтар:**<br>*-Сенің отбасыңда қанша адам бар?*<br>*-Отбасың қандай?*<br>*-Отбасымен қалай демаласыңдар?* | |
| **Алдыңғы оқу**<br>**«20 сұрақ- “иә” не “жоқ” әдісі** бойынша өткен тақырыпты пысықтау. | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған** | |

| | | |
|---|---|---|
| | **жаттығулар (төменде жоспарланған тақырыптармен қатар ескертпелерді жазыңдар).** | **Ресурс-тар** |
| **Басталуы 10 мин.**<br><br><br><br>**3 мин.**<br><br><br><br>**5мин.** | **Ұйымдастыру кезеңі.**<br>**-Үй тапсырмасын сұрау:** *«Менің мектептегі бір күнім»* **тақырыбына қатысты жаңа сөздерді қайталау.**<br>*«20 сұрақ - "иә" не "жоқ" деген жауап»*<br><br>**- «Миға шабуыл»** *отбасы мүшелерінің суреттерін шаңырақ астына жинайды.* | **Интер-белсенді тақта** |
| **Негізгі бөлім 25 мин.**<br><br><br>**2мин.**<br><br><br><br>**2мин.** | **Жаңа сабақты түсіндіру және қосымша деректер қолдану.**<br>*-Отбасы мүшелерінің суреттерін көрсету, мұғалімнің айтқанын қайталап айту.*<br>*-Сөздерді буынға бөліп оқиды.*<br>**-Сөздік жұмысы (қазақша-орысша).**<br>*-ақылды-мудрый;*<br>*-дана-мудрый;* | Ақ мамам .wmv<br>«Ақ мамам» әні.<br>Сөзі: Ф.Оңғарсынова-нікі,<br>Әні: Айжігіт Асановтікі |



| | | |
|---|---|---|
| <br><br><br><br><br>**2мин.**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**7мин.**<br><br><br><br><br><br>**1мин.**<br><br><br><br>**10 мин.**<br><br><br><br>**5мин.** | *-мейірімді-добрый (-ая);*<br>*-үлкен-старший;*<br>*-әдемі, сұлу-красивый (-ая);*<br>*-ерке-разбалованный.*<br><br>**Табыс критерилері:**<br>*-жаңа сөздерді меңгереді;*<br>*-қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту;*<br>*-суреттер бойынша сипаттай алады.*<br><br>*– Оқушылар таңдап алған отбасы мүшесінің суретін салады.*<br>*Сөз тіркестерін құрастырады.*<br>*(әр оқушы бір тіркестен айтып шығады)*<br>**Сергіту сәті**<br>*«Бір үйде біз нешеуміз?»*<br><br><br>*-Отбасы туралы өлеңдер оқыту (мұғалім оқиды, оқушылар қайталайды).*<br><br><br>**-«Зуылдақ» әдісі**<br>*(отбасы мүшесін сипаттайды.)* | |

| | | |
|---|---|---|
| **Аяқталуы 8 мин.** | **Сабақты бекіту. «Ыстық орындық» әдісі.** | |
| **Қосымша ақпарат** | | |

| | | |
|---|---|---|
| **Саралау** -Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз? | **Бағалау** -Оқушылардың үйренгенін қалай жоспарлайсыз? | **Пәнаралық байланыс. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері. АКТ мен байланыс. Құндылық-тардағы байланыс.** |
| **Сөз-сөз тіркестері-сөйлем құрау.** | **Мадақтау Смайликтер** | **Әлемтану, орыс тілі Татулыққа, ынтымаққа баулу** |
| **Рефлексия** *Сабақ/оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды?* | *Төменгі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы Сіздің сабағыңыздың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз.* *– Ия, шынайы;* *– Отбасы, туралы жалпы мәлімет алды.* | |



| | |
|---|---|
| *Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?* | *– Жақсы, көңілді;* *– Тиімді болды;* *– үлгердім.* |
| **Қорытынды бағамдау** **– Қандай екі нәрсе табысты болады?** *(Оқытуда да, оқуда да ескеріңіз.)* **– Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алады?** *(Оқытуда да, оқуда да ескеріңіз.)* **Берілген суретке қатысты жанр түрін сипаттау.**   Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетінін не білдім? | |

**А.МҰҚАШЕВА,**
**С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының қызметкері.**
Ақтөбе қаласы

# АБАЙ МҰРАСЫ – ХАЛЫҚ ҰЛАҒАТЫ

*«Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуға тиіс.»*

***ҚР Президенті Н.Назарбаев***

Жуырда С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы «Мен Абайды оқимын» акциясы аясында «Абай мұрасы – халық ұлағаты» кітапханалық бульварын ұйымдастырды.

**Мақсаты** – оқырман қауымына ақынның өмір жолын, қызметін баяндай отырып, жастарды ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Хакім Абайдың өскелең ұрпаққа арналған өршіл рухты шығармаларын насихаттап, әдебиетке деген қызығушылығын арттыру.

Ол 1845 жылдың 10 тамыз күні қазіргі Семей облысының Шыңғыс тауларында



Қарқаралының аға сұлтаны Құнанбайдың шаңырағында дүниеге келген. Абай ақындық шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық, моральдық мәселелерін арқау еткен, Шығыс пен Батыс мәдениеті мен өркениетін жетік білген. Бірқатар әлем ойшылдарының еңбектерімен жақсы таныс болған.

Философиялық трактаттар стиліндежазылған «Қарасөздері» – тақырып ауқымдылығымен, дүниетанымдық тереңдігімен, саяси-әлеуметтік салмақтылығымен құнды.

Абай алдымен ауылдағы Ғабитхан молдадан сауатын ашады да, 10 жасқа толған соң 3 жыл Семейдегі Ахмет Риза медресесінде оқиды. Бұл медреседе араб, парсы тілдерінде, негізінен, дін сабағы жүргізілетін еді. Құрбыларынан анағұрлым зейінді бала оқуға бар ықыласымен беріліп, үздік шәкірт атанады. Ол енді дін оқуын ғана місе тұтпай, білімін өз бетінше жетілдіруге ұмтылады. Сөйтіп көптеген шығыс ақындарының шығармаларымен, араб, иран, шағатай (ескі өзбек) тілінде жазылған ертегі, дастан, қиссалармен танысады. Шығыстың Низами, Науаи, Сағди, Қожа Хафиз, Физули сияқты ұлы ғұлама, классик ақындарының әдеби туындыларыменен танысады.

Қазақтың бас ақыны, ағартушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер Абай Құнанбайұлының 173 жылдығына арналған бұл шара кітапхана алаңынан басталып, кітапхана қызметкері Ақмарал Сайлауқызы ақынның әдеби мұралары туралы баяндап, оқырмандар арасында «Қазақтың бас ақыны – Хакім Абай» тақырыбында сауалнама жүргізді.

Кітапханалық бульвар мәжіліс залында өз жалғасын тауып, ҚР мәдениет саласының үздігі, ҚР Журналистер одағының мүшесі, айтыскер, ақын Қалауов Нұрлыбек Амандәулетұлы: *«Абай Құнанбайұлы өмірінің соңына дейін қазақ халқының жарқын болашағы үшін күресті. Артына қалдырып кеткен аса құнды мұраларында Абай адам бойында кездесетін жаман мінез-құлықтарды сынады және адамдықты, ақыл мен білімді алға қойды»,* – дей келе оқырмандарды қазақ халқының мәдениеті мен өнерін білуге шақырды.

Кітапхананың жас мамандары Қиясова Мәншүк, Мырзағұлова Майра Хакім Абайдың өлеңдерін, №51 мектеп-гимназиясының оқушысы Зейнел Мадина, Т.Жүргенов атындағы орта мектебінің оқушысы Нұрболатқызы Перизат, М.Құрманғалиева атындағы №32 мектеп-гимназиясының оқушысы Алмасқызы Шұғыла, №33 орта мектебінің оқушысы Медғатқызы Аяулым, №35 орта мектебінің оқушысы Қазақбаева Бақыт ақынның өлеңдері мен қарасөздерін оқыды. Сондай-ақ, «Тандем» радиосының тілшісі Байтакова Айсын Мурсинқызы А.Құнанбайұлының сөзіне жазылған «Желсіз түнде жарық ай», «Көзімнің қарасы» сынды әндерді тарту етіп, көрермендер қосыла ән шырқады.

Шара барысында абонемент бөлімінің кітапханашысы Бердіғалиева Нұрлыгүл Орынқызы Абай Құнанбайұлының өмірбаяны мен шығармашылығы туралы мәлімет беріп, «Әр өлеңі бір әлем» атты кітап көрмесіне библиографиялық шолу өткізсе, автоматтандыру бөлімінің қызметкерлері дайындаған фото-шежіре слайд көрсетілді.

Абай болашаққа апаратын жолды өз халқына талмастан көрсетті. Ол жол ғылым, білім, өнер, мәдениет жолы еді. Абайдың «даналығы» да осында. Ал «дара» деген себебіміз сол заманда көзі ашық, көкірегі ояу, түрлі тілді меңгерген қалың қазақ арасында

жалғыз Абайдың өзі болды.

Ақын есімі халық жадында мәңгілікке сақталып, туған елімен мәңгі жасай бермек. Алдағы уақытта да барша оқырмандарымыз Абай жаққан сәулені алаулата береді деген сенімдеміз.

**А.ЕРМЕКБАЕВА,**
**С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының бөлім меңгерушісі.**
Ақтөбе қаласы

# ҚОС АЛЫПТАН ҚАЛҒАН ІЗ

*«Кітап оқымаған адам – тамырсыз қаңбақ»*

***Ф.Оңғарсынова***

Бүгінгі күні кітапханашының негізгі міндеті – әдеттегідей оқырманды кітаппен қамтамасыз ету емес, әдеби дәстүрлер мен заманауи ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқырманның жан-жақты, интеллектуалдық және рухани дамуына ықпал етуі қажет. Ол үшін кітапханашылар бүгінде жан-жақты дамып, ізденімпаздықпен жұмыс жасап, бір-бірімен іс-тәжірибе алмасуы керек және оған мүмкіндік зор.

Осы орайда С.Жиенбаев атындағы облыстық



жасөспірімдер кітапханасы «Қос алыптан қалған із» атты облыстық кітапханашылар арасында шығармашылық байқау ұйымдастырып, қорытындысын жариялады.

Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен өтіп жатырған байқаудың негізгі мақсаты «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен Астана қаласының 20 жылдық мерейтойына орай Ақтөбеден шыққан қос тұлға ақын, аудармашы Қуандық Шаңғытбаев пен жазушы, драматург Тахауи Ахтановтың шығармаларын насихаттап, кітапханашылардың кәсіби біліктілігі мен шығармашылық қабілетін арттыруға қолдау көрсету, содай-ақ кітапханашы мамандығының имиджін көтеру болатын. Бұл байқауға 20 мен 40 жас аралығындағы облыстық, қалалық, аудандық, ауылдық кітапхана мамандары және білім беру мекемелерінің кітапханашылары қатысты.

Байқау шарттары бойынша қатысушы бірінші «Мен ұнатқан кітап» атты тұсаукесер жасайды. Яғни қос автордың кітаптарынан виртуалды көрме жасап, сол көрмені таныстырады. Ал екінші шарты Т.Ахтановтың немесе Қ.Шаңғытбаевтың бір шығармасына арнап шағын кино немесе бейнеролик дайындап «Буктрейлер» жасау.

Үшінші шарты талапкер Қ.Шаңғытбаевтың бір өлеңін мәнерлеп оқиды немесе Т.Ахтановтың шығармасынан үзінді орындайды. Осы талаптарға сәйкес кітапханашылар өздерінің жұмыстарын электронды нұсқасын жолдаған болатын.

Қазылар алқасы Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бас маманы Г.М.Маханова, Облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтарға арналған кітапхананың директоры Г.Ғ.Хамзина, Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты кітапханасының меңгерушісі Н.Ермекова, «Облыс әкімі аппаратының «Қоғамдық келісім» орталығының орынбасары Б.А.Снабаева және С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының директоры Г.Н.Калдина байқауға келіп түскен бейнероликтің сапасына, дауыс мәнеріне және тіл тазалығына, тақырыптың ашылуына, көрменің маңыздылығына ерекше мән берді.

Байқаудың қорытындысы бойынша Бас жүлде – Хромтау аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің кітапханашысы Жанаева Мөлдір Мүсірәліқызына бұйырды.

І орын – Қандыағаш өнеркәсіптік-экономикалық колледжінің кітапханашысы Елькеева Сандуғаш



Серикқызына табысталды.

ІІ орынды – Хромтау аудандық кітапхананың кітапханашысы Тугелова Нурсулу Жумабекқызы иеленді.

ІІІ орын – Темір ауданы Шұбарқұдық кәсіпшілігі Модельді кітапханасының кітапханашысы Ширазова Айгүл, және Мәртөк аудандық орталық кітапханасының кітапханашысы Ерманова Жанар Рахманқызы жеңіп алды.

Орын алған жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар, яғни Бас жүлдеге – теледидар,

І орын иегеріне – принтер,

ІІ орынға – қысқа толқынды пеш,

ІІІ орын алған кітапханашыларға – шаңсорғыш табыстап, жеңімпаздар алғыс хаттармен марапатталды.

Кеш барысында қатысушылар жеңімпаз кітапханашылардың байқауға ұсынған жұмыстарын тамашалауға мүмкіндік алды. Кітапханашылардың құрметіне арналған кеште облыстық шығармашылық орталығының әншісі Құралай Аленова және кітапхананың «Шапағат» қайырымдылық клубының мүшелері әндер орындап, мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Сонымен бірге «Ел есінде екі алып» кітап көрмесі ұйымдастырылып, көрмеге Хамидуллина

Бақтыгүл библиографиялық шолу жүргізді. Кеш соңында естелік суретке түсті.

Кітапхана тірлігіне жан беретін, ұлттық құндылықтар мен оқырмандар арасын жалғастыратын кітапханашылардың мәртебесін көтеретін осындай байқаулар әлі де жалғасын табатын болады.

**Л. КӘРІБАЙҚЫЗЫ,**
**С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының қызметкері.**
Ақтөбе қаласы

# ӨМІРДЕ ДЕ, ӨЛЕҢДЕ ДЕ ӨЗГЕЛЕРДЕН БІТІМІ, БОЛМЫСЫ БӨЛЕК АҚЫН

Облыста баршасы білетіндей «Оқитын өлке» акциясы 2011 жылдан бері жалғасын тауып келеді. Облыстық акция аясында бұған дейін өлке оқырмандары Ғалым Ахмедовтың «Жем бойында», ақын Мұхтар Құраманалиннің «Жұлдызды жорық», жазушы Тахауи Ахтановтың «Шырағың сөнбесін», туғанына 80 жыл толған жазушы Тобық Жармағамбетовтың шығармалары оқылды. Өткен жылдың таңдауы – сұлу жырдың су төгілмес жорғасы, қазақ әдебиетінің заңғарына өзіндік үнімен,



ұлттық үрдіске толы поэзиясымен орныққан ақын, туғанына 90 жыл толған Қуандық Шаңғытбаевтың «Шайыр» таңдамалы өлеңдер жинағы болды.

Қуандық Шаңғытбаевтың «Шайыр» жинағын насихаттау жұмыстары кең көлемде жүргізілді. Сонымен қатар облыстық, аудандық, ауылдық кітапханаларда әр түрлі деңгейде мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырылып өткізілді.

Биылғы жылы да облыстық «Оқитын өлке» акциясы өз жалғасын тапты. Бұл орайда жыл кітабын таңдау үшін «Оқитын өлке» облыстық акциясын ұйымдастыру комитетінің алқа мәжілісі өтті. Алқа мәжілісінің шешімімен облыстық акцияға «Құрмет» орденінің иегері, қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, ақын Өтежан Нұрғалиевтың шығармалары таңдап алынды. «Оқитын өлке» облыстық акциясы аясында арнайы іс-шаралар жоспары жасалып, жыл бойы оқырмандар арасында Өтежан Нұрғалиевтың шығармаларын насихаттау мақсатында облыс кітапханалары қорында оның кітаптарының қолжетімділігі сарапталмақ.

*«Өтежанның Алматыға өзінен бұрын өлеңдері келді. Өзі де әдебиетке жаңбыр*

*болып құйып, нөсер болып төгіліп келді».* Бұл – Оразақын Асқардың пікірі. Ол поэзияға келгенде Әбділда Тәжібаев «Қазақтың Пушкині келді» деп қуанса, Қуандық Шаңғытбаев «Енді қазақтың Есенині бар» деп мәз болыпты. Қалижан Бекхожин, Хамит Ерғалиевтер де Өтежанды төбеге көтереді.

Ақын өлеңдерін №36 орта мектеп оқушылары мәнерлеп оқып берді. Айдарбек Аружан «Іңкәрім» өлеңін оқыса, Жасұлан Каменов «Мен беремін тек өлеңге барымды», Дамир Яхновский «Аспанда жүрген орамал» сынды шығармаларын оқып берді.

«Ақын Өтежан Нұрғали» атты видеоны оқырмандарға кітапхана программисі Жанат Есенаманова көрсетіп, таныстырды.

«Айтарын ашып айтқан...» деген атпен кітап көрмесі қойылып, кітапхана қызметкері Бибігүл Шамеденова таныстырып өтті.

Сондай-ақ, кітапхана қызметкері Лариса Кәрібайқызы «Оқитын өлке» акциясымен таныстырып, ақын Өтежан Нұрғалиевтың өмірбаянымен таныстырып, оқырмандарды кітап оқуға, кітапханаға шақырды.



**Г. ЕСКЕНДІРҚЫЗЫ,**
**С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының қызметкері.**
Ақтөбе қаласы

# ДОМБЫРА – АСЫЛ МҰРА

*Екі ішектің бірін қатты,*
*бірін сәл-пәл кем бұра.*
*Нағыз қазақ – қазақ емес,*
*Нағыз қазақ – Домбыра!*
***Қадыр Мырза Әли.***

1 шілде – «Ұлттық домбыра күні». Бұл мереке тұңғыш рет республика көлемінде тойланды. Асыл мұрамыз домбыраның қазақ халқы үшін орны ерекше. Қазақтың қазақтығын көрсететін ол – Домбыра. Бұл киелі аспап әр қазақтың төрінде болуы міндетті болып есептелген. Қазақ халқының күйшілері мен әншілері домбырамен әсем ән де, күмбірлеген күй де шығарған.

«Ұлттық домбыра күніне» орай С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Ұлы дала дүбірі, домбыраның күмбірі» атты әдеби сазды сағатын өткізді.

**Шараны өткізудегі мақсат** – халқымыздың аса қасиетті дүниесі домбыра туралы және атақты күйшілеріміз жөнінде мағлұмат беру.

Шараны жүргізген кітапханашы Бултекова Лаззат шараға қатысушыларға қазақ халқы үшін домбыраның орны ерекше, қасиетті аспап екенін және адамның көңіл күйін домбыра арқылы күмбірлеген күймен жеткізетіндігі туралы мағұлмат берді. Осы шараға А.Жұбанов атындағы Ақтөбе музыкалық колледжі «Педагог-ұйымдастырушы бөлімінің» 2 курс студенті, дәстүрлі әнші Күзенбаев Әділет Алтынбекұлының шәкірті Құлман Нұрзат Арыстанқызы қатысып, Ғ.Құрманғалиевтің «Әнші дауысы», «Сыпыра жыраудың термесін» тамылжыта орындап берді. Сонымен бірге «Күй ойнайды қазағымның қанында...» кітап көрмесі жасақталып, көрмеге Кошанова Шынар библиографиялық шолу жасады. Және домбыра үйрену туралы бейнебаян тамашалап, «Домбыра – асыл мұра» слайды көрсетілді.

Шара соңында кітапхана директоры Гүлжайнар Нәренқызы шараға қатысушыларды домбыра күнімен құттықтап, Құлман Нұрзат Арыстанқызына алғысын білдірді.



**А. ҚАЙНАҚАЕВА,**
**С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының қызметкері.**
Ақтөбе қаласы

# ЖИРЕН ЖАМАН ӘДЕТТЕН!

Жақында С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында оқырмандармен бірге «Жирен жаман әдеттен!» атты пайдалы кеңес сағаты өтті. Аталмыш шара жасөспірімдерге салауатты өмір салтын ұстануға дағдыландыру, ішімдік пен темекінің жас организмге зиян екенін насихаттау, дене шынықтыру мен спортпен шұғылдануға, жасөспірімдерді зиянды әдеттерден бойларын аулақ ұстауға шақыру мақсатында ұйымдастырылды.

Бірде ақылы жұрттан асқан Платон көшеде жүріп бұзақылық жасап тұрған бір баланы ұстап алып ұрсыпты. «Мені болар-болмас нәрсе үшін сонша жазғырғаныңыз қалай?» – деп томсырайған баланың иығына қолын қойып тұрып данышпан: «Жаман дағдыға ешқашан елеусіз қарауға болмайды», – деп ескерткен екен.

Жай уақытта көпшілік аса мән бере

бермейтін дағдының адам өмірінде алар орны ерекше. «Сынықтан басқаның бәрі жұғады» демекші, адам – өз ортасына тез бейімделгіш, көрген жағымды-жағымсыз қасиеттерді бойына тез жұқтырып алатын болмыс.

Айталық, темекі, арақ, есірткіге құмартушылық, өтірік айту, жамандау, өз ісінің емес, өзгелердің қателігін қазбалау, ауызды балағат сөзге үйрету, екі кісіні шағыстыру, қызғаныш, қолын сұғанақтықтан тыймау, сұраншақтық, ең аяғы түкіре беру т.б. жаман әдеттер.

Нашар әдет күнделікті араласқан адамдардан, дос-жарандардан, қоршаған ортадан, көрген бейәдеп бейнефильмдерден т.б. жұғады. «Әр сәби өмірге күнәдан таза болмыспен келеді» деп хадисте айтылғандай, адамның сәби шақтағы пәк болмысы есейе бастаған шағында жақсы-жаман орталарға тап болуына байланысты өзгереді. Әсіресе жасөспірімдік әрі жастық шақта еліктеушілік қасиеті басым тұрады. Бұл уақытта «Бір рет сынап көргенде тұрған не бар?», «Мен одан қалаған уақытымда бас тарта алам» деген жеңсік ой көп адамның алдануына әкеліп соғады. Шын мәнінде «Бір еткеніңді екі етерсің. Екі еткеніңді үш етерсің. Үш еткеніңді әдет етпей



не етерсің?!» демекші, екі-үш рет қайталанған істің әдетке айналғанын адам сезбей қалады. Бастапқыда ескермегендіктен, одан құтылу барған сайын қиындай түседі.

Шара барысында «Сырғалым» клубының жетекшісі Шамеденова Бибигүл әдептілік, әдемілік жайында айтып өтіп, тақырыпқа сай видео роликтер мен слайдтар көрсетті.

«Жаман әдеттен аулақ бол!» атты кітап көрмесі әзірленіп, А.Әлімжанов, С.Байниетова «Нашақорлық – қасірет», Б.Төтенай «Дене тәрбиесі», Р.И.Воробюев «Питание и здоровье», «Апатқа апарар үш індет» т.б кітаптар және әр жылдары баспасөз беттерінде жарияланған мақалалар қойылды. Көрмеге Бултекова Ләззат библиографиялық шолу жасады. Жас оқырмандар мен кітапханашылар арасында *«Ғасыр тағдыры үшін күресейік!», «Уланбасын өмірің»* атты ойындары ойналды.

**Сөзіміздің тобықтай түйіні** – «жақсыдан үйреніп, жаманнан жирену». Өйткені дағды адам баласына жақсы қасиеттерді үлгі етіп, бойына сіңіру үшін берілген қасиет. Нашар қылықтарға үйір болғандар өмір бойы орны толмас өкініштерге ұрынып жатса, ал жақсы қасиеттерді үлгі еткендер екі дүниеде де сый-құрметке бөленбек.

**А.Т. ЗЕЙНЕКЕН,**
**С.Жиенбаев атындағы**
**облыстық жасөспірімдер**
**кітапханасының қызметкері.**
Ақтөбе қаласы

# СПОРТ– БІЗДІҢ СЕРІГІМІЗ

Жақында С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасы «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламасы аясында, спорт күніне орай «Қазақстан салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағы» АОФ қоғамдық бірлестігімен бірлесе отырып, «Спорт – біздің серігіміз» атты спорт ардагерлерімен кездесу кешін өткізді.

**Кештің мақсаты:** спорт ардагерлерінің өмірі мен жетістігін жастарға үлгі ету, өлкеміздің даңқын көтерген жерлестеріміздің өнерін бағалауға, құрметтеуге үйрету, жастардың бойында спортқа деген қабілеттіліктерін арттыру.

Кешке «Қазақстан салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағы» АОФ қоғамдық бірлестігінің төрағасы – Назира Сарсенбайқызы Табылдинова, сонымен қатар Ақтөбе қаласының атақты спортшысы, бапкер – Мәлік Сабырұлы Зәкіржанов, Ақтөбе қаласының құрметті азаматы, Қазақстанның құрметті спорт қайраткері, әлем чемпионының



жүлдегері, екі дүркін Азия чемпионы – Қадіржан Іскендірұлы Ізғарин және мәдениет қызметкерлері мен кітапхана оқырмандары қатысты.

Кеш барысында спорт ардагерлері жетістікке жету жолындағы тынымсыз еңбектерімен бөлісті. Мұқашева Ақмарал, Қиясова Мәншүк секілді оқырмандарымыз өз ойларында жүрген: Мықты спортшы болу адамның өзіне байланысты ма, әлде бапкерге де байланысты ма?, Спорт жолында жеткен жетістіктеріңіз қандай ? сол сияқты басқа да қатысушы оқырмандар сұрақтарын қойып, қонымды жауаптарын алды. Сонымен қатар «Ақ қауырсын» жас ақындар клубының мүшесі Көшербайқызы Ақниет Е.Елубаевтің «Спортшы» өлеңін оқыды. Спорт тарихы жайында бейнебаян көрсетіліп, слайд тамашаланды. Кеш соңында кәсіподақ бірлестігінің төрағасы Назира Сарсенбайқызы және кітапхана директоры Гүлжайнар Нәренқызы кешке қатысушы спорт ардагерлерін спорт күнімен құттықтап, жылы лебіздерін білдіріп, сыйлықтарын табыстады.

Шараға қатысушы оқырмандар «Спорт-денсаулық кепілі» атты кітап көрмесімен танысты және кітапхана қызметкерлері мен жас оқырмандар флешмоб биін биледі. Ардагерлеріміз шексіз алғыстарын білдіріп, баталарын берді.

**Бас редакторы – Гүлдәрі ЖҮСІПОВА.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті”** –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:** «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.
**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.
Басуға 05.09. 2018 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32
Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.
Шартты басылым табағы – 8.0.
Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы –5000.
Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**
**Мекен-жайымыз:** 050009, Алматы қаласы,
Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.
Бас редактордың қабылдау бөлмесі және
бөлімдер...............268-32-48.
Факс......................243-15-53.
**Электрондық пошта:** Kazulagat@mail.ru.
**Журнал сайты:** www.kazhu.kz
**Басылатын жері** – ИП Әкімбаев

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №9, 2018 ж., 144 бет, Алматы.